«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

ӘОЖ 621.7, 532, 533 Қолжазба құқығында

ДУЙСЕНБАЕВА МОЛДИР СЕРИКБЕКОВНА

# Электрогидроимпульстік технологиямен қайта өңделген органикалық қалдықтардың жылуфизикалық қасиеттерін зерттеу және өнеркәсіптік қондырғыда пайдалану жолдары

8D05303 – Жылуфизика және теориялық жылутехника

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер
химия ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор
А.Ж. Сатыбалдин
техника ғылымдарының кандидаты,
профессор Б.Р. Нусупбеков

Шетелдік ғылыми кеңесші
физика-математика ғылымдарының докторы,
профессор Э.Р. Шрагер

Қазақстан Республикасы
Қарағанды, 2025

## МАЗМҰНЫ

**НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**..... 4
**БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР**..... 5
**ТЕРМИНДЕР**..... 6
**КІРІСПЕ**..... 7
**1 ОРГАНИКАЛАҚ ШИКІЗАТ ҚАЛДЫҚТАРЫН ҚАЙТА ӨҢДЕУДІҢ ФИЗИКА-ХИМИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ**..... 12
1.1 Бағалы компоненттерді бөліп алу кезіндегі массаалмасу және жылуалмасу үрдістері..... 12
1.2 Органикалық шикізат қалдық түрлері мен олардың құрамы..... 14
1.3 Жануар майының физикалық қасиеттері..... 16
1.4 Жануар майын пайдалану жолдары. Желім және желатин технологиясы..... 18
1.5 Органикалық шикізаттың қалдық массасынан май алу әдістері..... 22
1.5.1 Органикалық шикізат қалдықтарын өңдеудің технологиялық үрдістері ..... 22
1.6 Суасты электрлік разряды ..... 32
**2 ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫ. ТӘЖІРИБЕЛІК ҚОНДЫРҒЫ ЖӘНЕ ӨЛШЕУ ӘДІСТЕРІ** ..... 36
2.1 Зерттеу нысаны ..... 36
2.2 Органикалық шикізат қалдығынан бағалы компонентті бөліп алу үрдісіне температуралық режимнің тәуелділігін анықтауға арналған зертханалық стенд ..... 37
2.3 Сұйық ортадағы электр разрядының әсерінен органикалық қосылыстардың фазаларын бөлуге арналған қондырғының сипаттамасы... 40
2.4 Сулы ортадағы ұшқын разрядының ерекшеліктерін зерттеуге арналған қондырғының электр бөлігі ..... 42
2.5 Зертханалық сынақтарды жүргізу әдістемесі. Органикалық шикізат қалдықтарының фракция өлшемдерін анықтау ..... 44
2.6 Қайта өңделген шикізат үлгілеріндегі май мөлшері мен ақуызды анықтау әдісі ..... 46
2.7 Органикалық қалдықтың термодинамикалық параметрлерін анықтау.. 49
2 - бөлім бойынша қорытынды ..... 53
**3 ТӘЖІРИБЕЛІК ЗЕРТТЕУЛЕР НӘТИЖЕЛЕРІ**..... 54
3.1 Органикалық шикізат қалдықтарынан бағалы компоненттерді бөліп алу үрдісіне температураның әсері ..... 54
3.2 Органикалық шикізат қалдықтарынан бағалы компоненттерді бөліп алуға арналған электрогидроимпульс әдісінің электрлік және энергетикалық сипаттамалары..... 58
3.2.1 Разрядты контур сыйымдылығының органикалық қосылыстардың фазалық бөлінуіне әсері ..... 58
3.2.2 Органикалық шикізат қалдықтарынан құнды компоненттерді бөліп алуда кіріс энергиясының жұмыс арнасына әсері..... 62

3.3 Зертханалық зерттеулердің нәтижелерін талдау..... 66
3 - бөлім бойынша қорытынды ..... 71
**4 ӨҢДЕЛГЕН ОРГАНИКАЛЫҚ ШИКІЗАТ ҚАЛДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛУФИЗИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ЗЕРТТЕУ** ..... 72
4.1 Қос сәулелі сканерлеуші (UV-1800) спектрофотометрде жасалған сараптама нәтижелері ..... 72
4.2 Атомдық абсорбциялық (АА140) спектрометр көмегімен алынған нәтижелерді талдау ..... 74
4.3 Спектрофотометрде жүргізілген зерттеу нәтижелерін талдау..... 76
4.4 Қайта өңделген қалдықтардың жылуфизикалық сипаттамалары ..... 81
4.5 Қайта өңделген органикалық шикізат қалдығының дифференциалды термиялық анализі (ДТА) ..... 86
4 - бөлім бойынша қорытынды ..... 89
**ҚОРЫТЫНДЫ**..... 90
**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**..... 92
**ҚОСЫМША А – Патент** ..... 101
**ҚОСЫМША Ә – Енгізу актісі** ..... 102
**ҚОСЫМША Б – Сынақ хаттамасы** ..... 103

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық жұмыста келесідей мемлекеттік үлгі қалыптарға сілтемелер жасалды:

МЕМСТ 2.105-95. Конструкторлық құжаттаманың бірыңғай жүйесі. Нормабақылау.

МЕМСТ 6.38-50. Құжаттаманың бірыңғай жүйесі. Ұйымдық - басқаратын құжаттама жүйесі. Құжаттарды дайындау талаптары.

МЕМСТ Р 25011 — 2017. Ет және ет өнімдері стандарты бойынша ақуызды анықтау әдісі

МЕМСТ Р 23042-86. Ет және ет өнімдері майды анықтау.

МЕМСТ Р 8.417-81. Өлшеу бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі. Физикалық шамалардың өлшем бірліктері.

МЕМСТ Р 55484-2013. Ет және ет өнімдері. Натрий, калий, магний және марганецтің мөлшерін жалынды атомдық абсорбция әдісі.

МЕМСТ Р 55573-2013.Ет және ет өнімдері. Кальцийдің мөлшерін атомдық-абсорбциялық және титриметриялық әдісі.

МЕМСТ Р 14180-80. Сынамаларды іріктеу және дайындау.

МЕМСТ Р 24104-2001. Зертханалық таразы. Жалпы техникалық талаптар.

МЕМСТ Р 7.1-84. Кітапханалық және баспалық іс, ақпараттар бойынша стандарттар жүйесі. Құжаттың библиографиялық тізімі. Құрастыру ережелері және жалпы талаптар.

МЕМСТ Р 7.12-93. Кітапханалық және баспалық іс, ақпараттар бойынша стандарттар жүйесі. Библиографиялық жазу. Орыс тілінде сөздердің қысқартылуы. Жалпы талаптар және ережелер.

МЕМСТ Р 7.54-88. Ақпарат, кітапханалық және баспалық іс бойынша стандарттар жүйесі. Ғылыми-техникалық құжаттардағы заттар мен материалдардың қасиеттері жөнінде сандық мәндердің келтірілуі. Жалпы талаптар.

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ЭГЭ – электрогидравликалық эффект
ЭГӘ – электрогидравликалық әдіс
ФСМ – Фурье спектрометр
NaCl – натрий хлор
$NH_2$ – амин тобы
O – оттегі
C – көміртегі
S – күкірт
N – азот
H – сутегі
A – күл
W – аналитикалық ылғал
G – Гиббс энергиясы
$C_p$ – жылусыйымдылық
H – энтальпия
S – энтропия
F – келтірілген термодинамикалық потенциал

## ТЕРМИНДЕР

Массаалмасу – таратылатын компонентті берушіден қабылдаушы фазаға ауыстыру.

Экстракция – еріткіштің көмегімен қоспадан белгілі бір затты бөліп алу үрдісі.

Денатурация – белоктардың табиғи құрылымының бұзылуы (ыдырауы), нәтижесінде олардың бастапқы қасиеттерінің өзгеруі.

Дезагрегация – күрделі жүйелердің немесе агрегаттардың жеке бөліктерге ыдырауы, бөлшектердің ажырауы.

Дегидратация – заттан судың бөлінуі немесе ылғалдың кетуі.

Адсорбция – ерітіндіден немесе газ қоспасынан бір затты екінші бір қатты не сұйық заттың өз бетіне сіңіруі.

Флотация – қатты бөлшектерді сұйықтықтан ауа көпіршіктерінің көмегімен бөліп алу әдісі.

Деструкция – заттың, материалдың немесе молекуланың бұзылу, ыдырау процесі.

Гомеостаз – өзін-өзі реттеуді білдіретін термин, ашық жүйенің динамикалық тепе-теңдікті сақтауға бағытталған үйлестірілген реакциялар арқылы ішкі күйінің тұрақтылығын сақтау қабілеті.

Апатиттің қайта кристалдануы – бұл ақаулы немесе бұзылған гидроксиапатит кристалдарынан жаңа, реттелген құрылымдар пайда болатын сүйектің минералды фазасын қайта құру процесі.

Гидроксиапатит – сүйек тінінің кристалдық негізі, кальций мен фосфат иондарынан түзілген тұрақты құрылым.

# КІРІСПЕ

**Жұмыстың жалпы сипаттамасы.** Органикалық шикізат қалдықтары электрогидравликалық әдістің көмегімен өңделді. Тәжірибе нәтижелерінен органикалық шикізат қалдықтарынан бағалы компоненттерді тиімді бөліп алу разряд кернеуіне, жинақтаушы конденсатор сыйымдылығының шамасының мәні мен орта температурасына тәуелді екендігі анықталды.

Жүргізілген физико-химиялық зерттеулер нәтижелері, электрогидроимпульстік разрядтардан туындайтын соққы толқындарының органикалық шикізат қалдықтарын өңдеуде жоғары тиімділік көрсетті. Атап айтқанда, соққы толқындарының әсерінен қайта өңделген органикалық қалдықтың жұмсақ тіндерінің құрылымы бұзылып, май мен ақуыз қосылыстарының босап шығуы қамтамасыз етілді. Сонымен қатар, электрогидроимпульстік әсерден кейін органикалық шикізат қалдықтарының минералдық құрамы, атап айтқанда кальций, магний, марганец элементтерінің салыстырмалы үлесі артты, ал бұл өз кезегінде соңғы өнімнің қолданылу аясын кеңейтеді. Жылуфизикалық көрсеткіштерді зерттеу соққы толқындарының ықпалымен термиялық процестер жүретінін және фазалық ауысулар байқалатынын анықтады. Бұдан бөлек, үлгілерге жүргізілген дифференциалды термиялық талдау мен жылуфизикалық органикалық шикізат қалдықтарынан құнды компоненттерді бөліп алуда электрогидроимпульстік қондырғыны қолданудың тиімділігін көрсетті.

**Диссертациялық жұмыстың өзектілігі:** қазіргі уақытта агроөнеркәсіп қалдықтарын өңдеу арқылы жаңа шикізат түрлерін алу және оларды өндірісте қолдану әдістерін дамыту жұмыстары белсенді жүргізілуде. Кез келген қайта өңдеу өнеркәсібінің алдында шикізатты тиімді пайдалану, өндіріс қалдықтарын азайту, өнім ассортиментін кеңейту және шығарылатын өнімнің сапасын арттыру міндеттері басты мақсат болып табылады. Бұл әсіресе дұрыс пайдаланған жағдайда жаңартылатын, бірақ сарқылатын құнды шикізат – майлар мен ақуыздарға қатысты [1,2]. Әр түрлі өнімдерді өндіруде органикалық шикізат қалдықтарын кеңінен қолдану, оның құрамында жоғары сіңімді ақуыздар, майлар, фосфорлы кальций тұздары, макро-және микроэлементтер, дәрумендер мен аминқышқылдарының көп мөлшерде болуында. Ораганикалық шикізат қалдықтарынан бағалы компоненттерді бөліп алу үшін көп жағдайда қышқылдық және сілтілік өңдеулер жүргізіледі. Бағалы компоненттің бірі, әрі кез келген өңдеу технологиясын қиындататын зат – триглициридті фракция болып табылады. Триглициридті фракция тек қана тамақ өнеркәсібінде ғана емес, сонымен қатар медицина, құрылыс және өндірс салалары үшін (механизмдер мен өлшеу-құралдарының бөлшектерін майлау үшін) таптырмас шикізат көзі болып табылады [3,4].

Бүгінгі таңда ауылшаруашылығы шикізатын өңдейтін өнеркәсіп салаларында өндірістің өсуі және оның тиімділігінің артуы көбінесе, шикізат ресурстары мен олардың сапасына ғана емес, сонымен қатар құнды компоненттерді неғұрлым көп мөлшерде бөліп алу мүмкіндігіне де байланысты.

Өндірісте өндірілетін өнімдерді мысалы, қант, крахмал, майды алу кезінде өндірудің оңтайлы әдістері мен тәсілдерін қолдана отырып құнды компоненттердің жоғалуларын азайту, дайын өнімнің шамасын едәуір арттыра алады [5,6]. Сондықтан балама әдістерді, соның ішінде су астындағы ұшқын разрядының есебінен туындайтын соққы толқындарын қолдана отырып, органикалық қалдық массасынан құнды компоненттерді бөліп алудың жаңа тиімді шешімдерін табу өзекті технологиялық міндет болып табылады.

Осы уақытқа дейін органикалық шикізат қалдықтарының жылуфизикалық қасиеттері толығымен зерттелмеген. Аталған мәселеге байланысты әртүрлі үлгілер дайындалып, жылуфизикалық қасиеттерін зерттеу мақсатында эксперименттік жұмыстар жүргізілді.

**Диссертациялық жұмыстың мақсаты:** органикалық шикізат қалдықтарын электрогидроимпульстік әдіс арқылы қайта өңдеу үдерісін жетілдіру және бағалы компоненттерді тиімді бөліп алу мүмкіндіктерін ғылыми тұрғыда негіздеу.

**Осы мақсатқа сәйкес келесі міндеттер қойылды:**

1. Органикалық шикізат қалдықтарының түрлері мен құрамын талдап, олардың физика-химиялық қасиеттерін анықтау және бағалы компоненттерді бөліп алу кезінде жүретін массаалмасу және жылуалмасу үрдістерінің заңдылықтарын зерттеу;
2. Органикалық шикізат қалдықтарын қайта өңдеуге арналған зертханалық қондырғыны сипаттап, өлшеу әдістемесін әзірлеу;
3. Суасты электрлік разрядтың органикалық қосылыстардың фазалық бөлінуіне әсер ету механизмін қарастыру және электрогидроимпульстік өңдеу үрдісінің тиімділігіне температуралық және энергетикалық параметрлердің ықпалын анықтау;
4. Тәжірибелік зерттеу нәтижелерін талдап, органикалық қалдықтарды тиімді өңдеудің оңтайлы технологиялық параметрлерін ұсыну.
5. Қайта өңделген үлгілердегі органикалық және минералды бөлігінің мөлшерін анықтау үшін спектрофотометрлік және атомдық абсорбциялық талдау жүргізу;
6. Зерттеу нысанын электрогидроимпульстік соққы толқындарымен өңдеуге дейінгі және өңдеуден кейінгі термодинамикалық функциялары (жылусыйымдылық энтропия, энтальпия, Гиббс энергиясы, келтірілген термодинамикалық потенциал) мен жылуфизикалық өзгерістерін зерттеу.

**Зерттеу нысаны** ретінде органикалық шикізат қалдығы (ірі қара малының сүйектері) қарастырылды.

**Зерттеу әдіснамасы.** Зерттеу жұмыстарына қажетті әртүрлі нысандар үлгілерді дайындау әдістемесі негізінде дайындалды. Үлгілер механикалық жолмен ұсақталып, электронды таразыларда массалары анықталады. Органикалық шикізат үлгілеріндегі майдың мөлшерін «МЕМСТР 23042-86. Ет және ет өнімдері майды анықтау әдістері» стандарты негізінде және масса жоғалу әдісі бойынша анықталды. Зерттеліп отырған үлгілер құрамындағы ақуыз шамасын анықтау үшін спектрофотометрия әдісі жүргізілді.

Электрогидроимпульстік қондырғы көмегімен өңделген органикалық қалдықтардың бейорганикалық бөлігі атомдық-абсорбциялық спектроскопия әдісі негізінде анықталды. Өңделген шикізаттың термодинамикалық функцияларын анықтау үшін аддитивті әдіс қолданылды. Электрогидроимпульстік қондырғының оңтайлы шарттарының тиімділігі диференциалды термиялық талдау негізінде анықталды.

**Жұмыстың ғылыми жаңалығы:**

– органикалық шикізат қалдықтарынан соққы толқындар туғызатын қондырғының негізгі электрофизикалық параметрлеріне байланысты құнды компоненттерді бөліп алу тәуелділіктері орнатылды. Тиімді параметрлер болып келесілер саналды: коммутирлеуші құрылғысындағы энергия шамасы 120÷240 Дж, ауалық разрядтаушы қондырғысының разряд аралық ұзындығы l = 9 мм, конденсатор батареясының сыйымдылығы C=0,4 мкФ, разряд кернеуі U = 25 кВ;

– фракция өлшемі f=10 мм төмен органикалық шикізат қалдықтарынан бағалы компоненттерді бөліп алу үшін қоспа температурасын 36 ÷ 50°C температура аралығында ұстап тұру жеткілікті екені анықталды;

– қайта өңделген үлгілердің минералды бөлігінде кездесетін макро - және микроэлементтер шамасы атомдық абсорбциялық спектрометр көмегімен зерттеліп, электрогидроимпульстік әдіспен өңделген органикалық шикізат қалдықтарында Ca, Fe, Mn шамалары артып, ал K, Na шамалары азаятыны анықталды;

– қос сәулелі сканерлеуші спектрофотометр көмегімен органикалық шикізат құрамындағы өңдеуге дейінгі және өңдеуден кейінгі ақуыз концентрациясы және Фурье-спектрометрі көмегімен үлгілердің көмірсутекті құрамының өзгерісі анықталды;

– алғаш рет электрогидроимпульстік қондырғыдағы кіріс энергиясының шамасы 120-240 Дж, конденсатор сыйымдылығы 0,4 мкФ, кернеу шамасы 0,4 мкФ кезінде қайта өңделген қалдықтардың органикалық массасының термодинамикалық функциялары (жылусыйымдылық, энтропия, энтальпия, Гиббс энергиясы, келтірілген термодинамикалық потенциал) аддитивті әдіс негізінде анықталды. Термодинамикалық талдау энтальпияның 300 – 1000 К аралығында өзгеруі коллагеннің ыдырауы мен триглицеридтердің бөлінуіне сәйкес келетінін көрсетті, өңделген үлгідегі энтальпияның төмендеуі органикалық матрицаның бір бөлігінің бұзылуын көрсетеді. Бұл коллагенді бөліп алуға қол жетімді етеді, ақуыздарды алу жылдамдығы мен тиімділігін арттырады, ал Гиббс энергиясының бірқалыпты өсуі физикалық және химиялық процестердің белсенді жүретінін дәлелдеді;

– алғаш рет соққы толқынының көмегімен өңделген органикалық шикізат қалдықтарына дифференциалды термиялық талдаулар жүргізілді. Талдау деректері электрогидроимпульстік технологияның органикалық қалдықтардан 100°C дейін өнеркәсіп саласында қолданылатын құнды компоненттердің белсенді бөлінетіндігін, ал 200–340°C аралығында ауыр көмірсутекті қосылыстардың ыдырауы жүретіндігі анықталып, өңделген шикізатта пайда

болған минералды қосылыстар есебінен масса жоғалуы 6% - ға өсетіні анықталды;

– тұрақты температураны ұстап тұратын органикалық шикізат қалдығын өңдеуге арналған жұмыс ұяшығы ұсынылып пайдалы модельге патент (№ 9548 «Ұсақталған сүйекті майсыздандыру әдісі») алынды.

**Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидаттар:**

1. Электрогидроимпульстік қондырғының коммутирлеуші құрылғысындағы энергия шамасы 120÷240 Дж, үлгінің фракция өлшемі 2÷10 мм кезінде органикалық шикізат қалдығынан бөлініп алынатын бағалы компоненттердің шамасы 36,4 % – дан 60 % – ға артты.

2. Қондырғыдағы конденсатор сыйымдылығы 0,4 мкФ, қоспа температурасы 36°С ÷ 50°С аралығында өңделген шикізаттың органикалық бөлігі толық ыдырап, бейорганикалық бөлігінің құрамындағы макро және микро элементтері Са мөлшері 43,74%-дан 50,11%-ға дейін артып, ал К мөлшері 0,058%-дан 0,008% - ға, Na мөлшері 0,774%-дан 0,144%-ға азайды.

3. Су асты электр разрядын тудыратын қондырғының кернеуі 25 кВ, ауалы разрядтағыш электродтарының аралық ұзындығы 9 мм болған кезде өңделген шикізатта пайда болған минералды байланыстар есебінен масса жоғалуы 6% - ға өсіп, үлгінің жылусыйымдылығы ($C_p$), келтірілген термодинамикалық потенциалы (F) мен энтропияның шамасы (H) өзгермей, Гиббс энергиясы 1,5 есеге артты.

**Автордың жеке үлесі.** Диссертацияда ұсынылған зерттеу нәтижелерін автордың өзі алған. Мәселені қою, міндеттерді қалыптастыру және оларды шешу жолдарын іздеу, зерттелетін үлгілерді дайындау, тәжірибе жүргізу, ғылыми тұжырымдар мен практикалық ұсыныстарды автор жеке өзі жүргізді. Тәжірибелік өлшеулердің нәтижелері компьютерлік өңдеуден өткізілді. Зерттеу нәтижелерін талдау мен жұмыстың жалпы қорытындыларын ғылыми кеңесшілерімен бірлесе орындады.

**Жұмыстың мемлекеттік ғылыми бағдарламалар жоспарымен байланысы.** № AP19678501 «Жылу тасымалдағыштарды жылытуға арналған баламалы инерциялық гидродинамикалық қондырғыны әзірлеу және құру».

**Жұмыстар мен жарияланымдардың аппробациясы.** Жұмыстың негізгі нәтижелері конференцияда баяндалып, талқыланды: «Modern technologies in education, work and science» (Krakov, Poland, 2025).

**Жарияланымдар.** Диссертациялық жұмыстың қорытындысы бойынша 4 баспа жұмысы жарияланды: Thomson Reuters және Scopus базасына кіретін журналда 2 мақала (1 – ші мақала – Eastern-European Journal of Enterprise Technologies, 2024, Q3, процентиль – 41, 2 – ші мақала - Eurasian physical technical journal, 2025, Q4, процентиль – 25), ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда 1 мақала және халықаралық конференциялар материалдарына 1 мақала жарияланды. Сонымен бірге, №9548 «Ұсақталған сүйекті майсыздандыру әдісі» (14.06.2024 ж.) пайдалы модельге патент (Қосымша А), оқу үрдісіне енгізу актісі (Қосымша

Ә) және «Жылу генераторын органикалық қоспаларды қыздыруға пайдалану» атты монографиясы жарияланды.

**Жұмыстың практикалық құндылығы** сұйық ортада қуатты ұшқын разрядтар көмегімен органикалық қалдықтардан бөлініп алынған құнды компоненттерді өндіріс құралдарын майлау үшін, тағамдық және техникалық желатин мен желім өнідірсіне қажет негізгі шикізат көзі ретінде пайдалануға болады. Зерттеу нәтижелері энергетикалық және минералды ресурстарды тиімді пайдалану үшін экологиялық таза технологияның бірі - электрогидравликалық әдіспен өңделген шикізатты қолдана отырып, құрылыс, тамақ және медицина саласына тиімді шикізат түрін алуға мүмкіндік береді. Электрогидроимпульстік қондырғы сұйық ортада соққы толқындарын жасау үшін жоғары вольтты электр разрядтарын пайдаланады, бұл органикалық материалдың жасушалық құрылымдарын бұзып, май мен ақуыз сияқты құнды компоненттерді бөліп шығаруға мүмкіндік береді [7-10].

Органикалық объектілерге жылулық әсер ету және олардың құнды тағамдық қасиеттерін сақтау мәселесі қазіргі заманғы ғылымда теориялық және қолданбалы тұрғыдан зерттелетін өзекті бағыттардың бірі болып табылады. Бұл бағыт жылуфизикасының іргелі қағидаларына, сондай-ақ оған шектес биохимия, биофизика, микробиология және термодинамика сияқты ғылыми салалардың негіздеріне сүйенеді [11, 12].

Сондықтан, жаңа буынның перспективалы бағыттарының бірі – органикалық шикізат қалдықтарын азайту үшін өңдеу машиналардың технологиялық процестерін жетілдіріп, қолданысқа жарамды жоғары сапалы өнімді алу болып табылады.

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КеАҚ физика-техникалық факультетінің профессор Ж.С. Ақылбаев атындағы инженерлік жылу физикасы кафедрасында оқу процесіне еңгізу актісі алынды. Зерттеу нәтижелері «7М07104 - Жылу энергетикасы» және «8D05303 - Жылуфизика және теориялық жылутехника» білім беру бағдарламалары үшін оқылатын келесі пәндердің дәрістік және семинарлық сабақтарында қолданылады: «Жылумассалмасу», «Импульстік құбылыстар физикасы», «Разрядты-импульстік технологияның арнайы тараулары», «Су асты электр жарылысымен материалдарды бұзу» (Қосымша Ә).

**Алынған мәліметтердің дұрыстығы мен сенімділігі** оқу үрдісіне енгізу актісімен, алынған пайдалы модельге патентпен және тәжірибелік зерттеулер негізінде алынған мәліметтердің жеткілікті үлкен көлемімен расталады**.**

**Диссертацияның құрылымы мен көлемі.** Диссертациялық жұмыстың құрылымы қойылған міндеттерге сай орындалып, кіріспеден, 4 бөлімнен және қорытынды мен қосымшадан тұрады. Жұмыстың мәтіні 103 бетте жазылып, 58 сурет, 12 кесте және 119 пайдаланылған әдебиеттер тізімін қамтиды.

# 1 ОРГАНИКАЛАҚ ШИКІЗАТ ҚАЛДЫҚТАРЫН ҚАЙТА ӨҢДЕУДІҢ ФИЗИКА-ХИМИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

## 1.1 Бағалы компоненттерді бөліп алу кезіндегі массаалмасу және жылуалмасу үрдістері

Қазіргі таңда биологиялық текті шикізатты өнеркәсіптік өңдеу – бір-бірімен өзара байланысты және кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын механикалық, жылуфизикалық, биотехнологиялық және басқа да арнайы үрдістерден тұратын күрделі кешен болып табылады. Нарықтағы қатаң бәсекелестік жағдайында мұндай технологиялар жылу және массаалмасу тиімділігін арттыруды, сондай-ақ қоректілік құндылығы жоғары, сапалы және санитарлық тұрғыдан қауіпсіз өнімдерді алуды талап етеді [13].

Массаалмасу процестері газ бен сұйық, бу мен сұйық, сұйық пен қатты, газ бен қатты фазалар арасында, сондай-ақ араласпайтын сұйықтықтар арасында жүреді. Олар төмендегідей түрлерге бөлінеді:

- сіңіру - газды немесе буды сұйықтықпен сіңіру;
- айдау - әртүрлі ұшпалы компоненттерінен тұратын сұйықты біртекті қоспалардан бөлу;
- адсорбция - ерітіндіден немесе газ қоспасынан бір затты екінші бір қатты не сұйық заттың өз бетіне сіңіруі;
- сұйық экстракция - компонентті сұйық фазадан басқа сұйықтықпен бөліп алу;
- қатты фазалық экстракция - қатты фазадан компонентті сұйықтықпен алу;
- кристалдану - ерітіндіден немесе балқымадан қатты фазаның бөлінуі;
- еріту - қатты заттың сұйық ерітіндіге ауысуы;
- термиялық кептіру - булану арқылы қатты материалдан ылғалдың газға ауысуымен оны кетіру.

Масса беру - бөлінетін компонентті фаза ядросынан оның шекарасына немесе фаза шекарасынан оның ядросына ауыстыру.

Массаалмасу - таратылатын компонентті берушіден қабылдаушы фазаға ауыстыру. Заттың тасымалдануы фазаның әртүрлі аймақтарында оның концентрациясының айырмашылығы болған кезде пайда болады. Массаалмасудың қозғаушы күші үлестірілген компоненттің концентрация айырмашылығы арқылы көрсетіледі. Масса беру процестері әдетте қайтымды [14].

Массаалмасу кезінде фазалардың құрамы, фазалардың әрқайсысындағы компоненттердің массасы және фазалардың массасы өзгереді [15] деп айтылған. Массалар мен құрамдардың өзара байланысын материалдық баланыстың теңдеулерімен сипатталады. Процестің қозғаушы күшін фазалық құрамдар арқылы да көрсетіледі. Фазалардың құрамын білдіру әдістері туралы ақпарат массаалмасу процестерін талдау үшін маңызды. Фазалардың құрамын білдірудің негізгі әдістері - олардағы компоненттің концентрациясы мен үлесі.

Массаалмасу процестері-заттың фазадан фазаға ауысуы. Олар біртекті және гетерогенді жүйелерді бөлу үшін қолданылады [16].

Массаалмасу кезінде зат келесі жолмен тасымалдануы мүмкін:

1) молекулалық диффузия;

2) молекулалық диффузия және конвекция.

Молекулалық диффузия - бұл заттың тасымалдануы, атомдардың, молекулалардың, иондардың хаотикалық жылулық қозғалысы және т. б.

Сұйық ортада, зат, молекулалық диффузия арқылы да, конвекция арқылы да тасымалданады, ол заттың макробөлшектерінің қозғалысы. Молекулалық заттың диффузия және конвекциямен бірлескен тасымалдануы конвективті массаалмасу деп аталады.

Қатты денеден бір немесе бірнеше керекті компоненттерді іріктеу қабілеті бар еріткіштер көмегімен бөліп алуды экстракция деп аталады. Экстракция процесі осылайша заттың әр фазада және бір фазадан екінші фазаға ауысуы негізінде массаалмасу заңдарына бағынады [17].

Экстракция процесінің қозғаушы күші қатты дененің кеуектерін толтыратын сұйықтықтағы және қатты заттардың бетімен жанасатын экстрагенттің негізгі массасындағы экстракцияланатын зат концентрациясының айырмашылығы болып табылады.

Экстракция механизмі жалпы жағдайда келесі негізгі кезеңдерді қамтиды:

1) экстрагенттің қатты материалдың кеуектеріне енуі;

2) қажетті компонентті еріту;

3) экстракцияланатын затты қатты бөлшектің тереңдігінен фазалар бөлігінің бетіне тасымалдау: қарапайым жағдайларда молекулалық диффузия арқылы, ал күрделі үрдіс кезінде, бұл механизм басқа құбылыстармен (еру, ісіну және т. б.) - масса өткізгіштік арқылы жүзеге асады;

4) конвективті диффузия (масса беру) арқылы затты фазалық бөлім бетінен экстрагентке тасымалдау.

Экстракция жылдамдығы процестің қозғаушы күшімен және оның әр сатысында диффузиялық кедергімен анықталады. Сонымен қатар, экстракция процесін талдау мен есептеудің күрделілігі, бір жағынан, процестің жылдамдығына көптеген факторлар әсер етеді, ал екінші жағынан, көптеген факторлар процесті кезеңдердің бірінде жылдамдатады, оны басқаларында тежейді, ал процестің жалпы жылдамдығы минималды жылдамдық кезіндегі ең аз кедергімен анықталады. Бөлшектердің массасына қатысты экстрагент массасының ұлғаюы (гидромодуль) экстракция процесінің қозғаушы күшінің артуына ықпал етеді және сәйкесінше бұл процесті жеделдетеді, алайда сұйықтық $M_с$ пен $M_к$ қатты бөлшектердің q массасының қатынасы неғұрлым көп болса, қажетті компонентті таза күйінде (булану, дистилляция) бөлуге, сұйықтықты аппарат арқылы тасымалдауға жұмсалатын энергия шығындары соғұрлым көп болады, яғни:

$$q = M_C / M_к \qquad (1.1)$$

Сонымен қатар, бұл аппарат көлемінің ұлғаюына әкеледі, бұл жалпы процесс пен жабдықтың тиімділігіне теріс әсер етеді [18].

Екі фазаның өзара әрекеттесуі болатын барлық масса және жылуалмасу процестері осы фазалардың қатаң түрде қарсы ағымымен жүргізілуі тиімді екені белгілі. Алайда, процестің шектеу сатысы бөлшектердің бетінен экстрагентке масса берілуі болған жағдайда, араластыру, сұйылту, діріл және массаны күшейтетін басқа құралдарды қолдану қажет болады. Бұл жағдайда, әдетте, қарсы ағым бұзылады, бұл процестің жеделдеуіне емес, жалпы баяулауға әкелуі мүмкін.

Экстракция процесінің тиімділігіне шикізатты экстракцияға дайындау әдісі де әсер етеді. Бұған бөлшектердің қажетті пішінін, мөлшерін және дисперсті құрамын қамтамасыз ететін ұсақтау немесе түйіршіктеуден басқа, бөлшектердің диффузиялық және механикалық қасиеттерін жақсартатын ылғалдандыру, термохимиялық және басқа өңдеу түрлері жатады [19].

Шикізатты экстракциялау процесінің басты ерекшелігі - шикізаттың физикалық қасиеттері экстракциялау процесінде айтарлықтай өзгереді және бұл процестің барлық кезеңдеріне әсер етеді. Зертханалық және өндірістік жағдайларда экстракциялау процесін талдау және есептеу негізінде интервалды есептеу әдісі қабылданды.

Ұсақтау сұйықтықты бөлшектерден бөлуді қиындатады және процестің тиімділігіне белгілі бір жолмен әсер ететін айтарлықтай энергия шығындарын қажет етеді [20].

## 1.2 Органикалық шикізат қалдық түрлері мен олардың құрамы

Органикалық заттар – құрамында көміртегі міндетті түрде кездесетін күрделі химиялық қосылыстар. Органикалық қосылыстар тобына нәруыздар, көмірсулар, липидтер және нуклеин қышқылдары жатады. Бұл заттардың құрамында көміртектен бөлек сутек, азот, оттек, сондай-ақ күкірт пен фосфор элементтері кездеседі. Нәруыздар ағзадағы қозғалыс процестеріне қатысады, оттегін тасымалдауды қамтамасыз етеді және жасушада жүретін көптеген химиялық реакциялардың жылдамдығын арттырады. Нуклеин қышқылдары тірі организм туралы тұқым қуалайтын ақпаратты сақтайды және оны ұрпаққа жеткізеді. Липидтер энергия қорын жинақтайды және ағзаны төмен температурадан қорғауға қатысады, ал көмірсулар энергия көзі ретінде және жасушаның құрылымдық компоненті ретінде қызмет атқарады.

Адамзат органикалық заттарды бұрыннан біледі. Қант, май, крахмал және т.б. тағамда қолданылады, өсімдіктерден түрлі бояғыштар алынады. Ол белгілі бір заттарды ашытып, алкоголь мен сірке қышқылын өндірді. Көбінесе бұл молекулаларда сутегі атомдары және ковалентті СН байланысы болады. Негізінен барлық тірі организмдерде органикалық заттар болады. Көміртекті басқа көміртек атомдарымен байланыстыру арқылы тізбек түзу қабілетіне байланысты дүние жүзінде миллиондаған органикалық қосылыстар бар. Дегенмен, кейбір қосылыстардың құрамында көміртегі бар, бірақ біз оларды тарихи себептерге байланысты органикалық қосылыстарға жатқызбаймыз (адамдар карбонаттар мен цианидтер сияқты заттарды бейорганикалық деп

санайды, өйткені олар тек тірі организмдер емес, заттар). Органикалық заттарды табиғи және негізінен синтетикалық жолмен әр түрлі жолмен жіктеуге болады. Кейде біз оларды құрылымы, сипаттамалары, өлшемдері және т.б. бойынша бөлеміз.

Қазіргі таңда елімізде жылдан жылға ауыл шаруашылығын дамытуға, соның ішінде мал өсіруге бөлініп жатқан қаражат саны артып, кәсіпті дамытуда қолдаулар өте көп. Сол себепті мал шаруашылығының қарқынды дамуы, одан шығатын қалдық санын да өз кезегінде арттырып отыр. Ал бұл үлкен экологиялық мәселеге алып келеді.

Азық-түлік қалдықтары немесе шығындары азық-түлікті жеткізудің барлық кезеңдерінде пайда болады: ауылшаруашылық өндірісі кезінде, өңдеу кезінде, сақтау барысында, тасымалдау кезінде, бөлшек саудадан тұтынуға дейінгі аралықта [21].

[22] жұмыста ет өңдеу саласының өзекті міндеттері, ол шикізатты ұтымды пайдалану, халықтың дұрыс тамақтануы үшін қауіпсіздік сапасының талаптарына сәйкес келетін ет өнімдерінің түрлерін кеңейту болып табылады делінген.

Жануарлардан алынатын шикізатты өнеркәсіптік өңдеу үрдісінде негізгі шикізат, сойылған жануарлардың сүйегі болып табылады. Сондай-ақ, коллагенге бай қайталама өнімдердің айтарлықтай үлесі бар: тері, шеміршек және жүйке тіндері, қан, I және II санаттағы қосалқы өнімдер. [23] жұмыста атап өтілгендей, бұл өнімдердің химиялық құрамы ақуыздарға, минералды тұздарға, ферменттерге, гормондарға, дәрумендерге, майларға және көмірсуларға бай. Осыған байланысты оларды аралас өнімдер мен арнайы мақсаттағы өнімдерді өндіруде пайдалану перспективасына негізделген.

Сүйек - минералды биологиялық белсенді заттардың бай көзі. Оның құрамында макро - және микроэлементтер, негізінен кальций, фосфор қышқылы және көмірқышқыл тұздары, натрий, темір және калий тұздары бар. Сүйекте дене үшін физиологиялық тұрғыдан оңтайлы кальций мен фосфор қатынасы бар.

[24] жұмыста, сүйек тінінде жасушалардың төрт түрі бар делінген, олар: остеобласттар, остеоциттер, остеокласттар және дің жасушалары (osteoprogenitors). Остеобласттар-сүйек түзілуіне жауап беретін жасушалар. Остеобласттар жасушадан тыс матрицаның әрбір компонентін құрайды.

[25] жұмыста сүйек минералды биологиялық белсенді заттардың бай көзі деп айтылады. Оның құрамында макро және микроэлементтер бар. Сүйектің негізгі бейорганикалық заттарының құрамы 1.1-кестеде келтірілген.

Кесте 1.1 – Органикалық шикізат қалдығының негізгі бейорганикалық құрамы

| Минералды тұздар | Шикізаттың минералды бөлігіне қатысты мөлшері, % | |
|---|---|---|
| | Ірі қара мал | Ұсақ мал |
| Кальций фосфор қышқылы | 78,30 | 85,32 |

| | | |
|---|---|---|
| Фторлы кальций | 1,50 | 2,96 |
| Көмірқышқыл кальцийі | 15,30 | 9,53 |
| Магний фосфор қышқылы | 1,60 | 2,19 |
| Натрий тұздары | 1,70 | |
| Басқа тұздар | 1,60 | |

Органикалық шикізатының құрамы 1.2-кестеде көрсетілген [26]. 1.2 – кестеде минералды заттар мен ақуыздың мөлшері органикалық шикізат қалдығының әр бөлігінде әр түрлі екенін байқаймыз.

Кесте 1.2 - Органикалық шикізат қалдығының химиялық құрамы

| Үлгі түрі | Массалық үлесі, % | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Ылғалдылық | Күлділігі | Май | Ақуыз |
| Иық | 18,0 | 37,6 | 15 | 16,7 |
| Кеуде | 37,3 | 22,8 | 14 | 18,2 |
| Бел | 33,1 | 27,9 | 19,5 | 19,5 |
| Қабырға | 24,8 | 43,9 | 10,2 | 21,1 |
| Жамбас | 24,8 | 32,8 | 22 | 18,6 |
| Омыртқа | 33,1 | 27,9 | 20 | 19,5 |

Сүйектің адамның тамақтануы үшін биологиялық маңыздылығы, оның адам ағзасынында тірек бөлігі ғана емес, сонымен қатар қан түзілуде, заттар алмасуы кезінде, өсуде, маңызды функцияларды орындайтын ұлпа қызметін атқаруында [27].

Майдың, ақуыздың және минералды тұздардың жоғары мөлшері сүйекті әртүрлі өнімдерге жарамды шикізат ретінде сипаттайды. Сонымен қатар, сүйектің жоғары ылғалдылығы оны сойғаннан кейін, шіру үрдісін тежейтіндей 2 °С - тан 6 °С - қа дейінгі температурада 24 сағаттан артық сақтамау қажет, ал минус 12°С-1 ай, минус 18°С-2 айдан аспайтын уақыт аралығында сақтау қажет. Сүйек шикізаты құрамында, оның дәнекер тінінде коллаген ақуызы бар (оның құрамында маңызды амин қышқылы - триптофан жоқ). Жоғары коллагенді қайталама шикізат аминқышқылдарының тепе-теңдігі мен асқазан-ішек ферменттерінің қорытылуы бойынша бұлшықет тінінен төмен болғанымен, олардың бірқатар оң қасиеттері бар. Пайдалану аясы мен құрамына байланысты сүйекті тағамдық мақсаттарға (тағамдық сүйек майын қайнату), желатин мен желім өндіруге, жемдік ұн өндіруге пайдалануға болады [28].

### 1.3 Жануар майының физикалық қасиеттері

Азық-түлік майларына ет өнеркәсібі кәсіпорындарында өңделген ауылшаруашылық жануарларының майы мен сүйек тіндерінен алынған өнімдердің майларын жатқызамыз. Май өндірудің негізгі міндеті, дайын өнімнің жоғары сапасын қамтамасыз ете отырып, оны май мен шикізат тінінен барынша алу.

15-20°С температурада жануарлардың майларының консистенциясы қатты (сиыр және қой еті), сұйық (сүйек майы) және май тәрізді (шошқа майы) болады. Баяу салқындаған кезде майлар кристалданады. Бұл қасиет негізінен сиыр майының (стеарин) қатты фракциясын олео-маргарин немесе лярд-ойл өндірісіндегі сұйықтықтан кристалданған шошқа майын бөлу әдісіне негізделген [29, 30].

Жануарлар майлары судан жеңіл, олардың тығыздығы 20 °С-да 910-нан 950 кг/м$^3$-ге дейін. Температураның 1°С жоғарылауымен немесе төмендеуімен майдың тығыздығы орташа есеппен 0,0007-ге өзгереді (көлемдік кеңею коэффициенті), оларды қыздыру және салқындату кезінде ескеру қажет. Сонымен, майды қыздырған кезде ашық ыдыстарда көлемінің ұлғаюына байланысты төгіліп кетуі мүмкін, ал майларды бөшкелерге ыстық күйде құймай, салқындап барып құю қажет. Сол кезде, оның көлемі азаяды және ыдыстың сыйымдылығы ұтымсыз пайдаланылады.

Майлардың тұтқырлығы температураға байланысты: температураның жоғарылауымен тұтқырлық төмендейді, ал майдың ақыштығы артады. Мысалы, шошқа майының тұтқырлығы 20-дан 100 °С-қа дейін көтерілгенде шамамен 9 есе төмендейді.

100°С дейінгі суда майлар іс жүзінде ерімейді, сондықтан тұндырылған кезде олардың қоспасы оңай бөлініп, май қалқып шығады. Алайда, кейбір заттардың (эмульгаторлардың) қатысуымен майлар сумен эмульсия деп аталатын тұрақты, бөлінбейтін қоспалар түзе алады. Жақсы эмульгаторларға өт, майлы сабын, альбумин, желатин, құрғақ сүт, казеин, фосфатидтер, жұмыртқа өнімдері, сондай-ақ тазартылмаған майларда кездесетін май мен сүйек тінінің ақуыз заттары жатады. Эмульсияны бұзу үшін оларды тұзбен және басқа заттармен (күкірт қышқылымен) өңдейді.

[31] жұмыста майлар органикалық еріткіштерде: күкірт және мұнай эфирі, бензин, бензол, толуол, хлороформ, дихлорэтан, көміртегі тетрахлориді, гексан және ішінара алкоголь мен ацетонда жақсы ериді деп жазылған. Сұйық майлар қатты майларға қарағанда оңай ериді. Майларда газдар еруі мүмкін. Майлар әртүрлі ұшпа заттар мен эфир майларын сіңіре алады, бұл олардың органолептикалық қасиеттеріне әсер етеді.

Майлар жанғыш болады. Олардың электр өткізгіштігі төмен, яғни олар токты өте нашар өткізеді. Алайда, қыздыру температурасы жоғарылағанда және бос май қышқылдары болған кезде майлардың меншікті электр өткізгіштігі біршама артады.

Олардың электрлік қасиеттерін сипаттайтын - майлардың диэлектрлік тұрақтылығы болып табылады. Сиыр мен шошқа майы үшін 20-дан 100 °С-қа дейін 3,1-3,9-ға дейін төмен және тең болады.

Майлар жарықты сындыруға қабілетті. Майлардың жарықта сыну көрсеткіші олардың сәйкестігі мен тазалығын сипаттайды. Жануарлардың көптеген майларындағы сыну көрсеткіші немесе сыну коэффициенті 40 °С температурада 1,456 - 1,460 құрайды [32]. Майлар беттік керілуі төмен заттардың қатарына жатады, яғни олардың беттік белсенді қасиеттері жоқ. Аз ғана беттік

керілудің шамасында  майлар капиллярлық арналарға ене алады. Бұл оларды шамның  білегіне көтерілуі мен қағазда мөлдір дақтардың пайда болу себебін түсіндіреді. Майлардың жылу сыйымдылығы оларды термиялық өңдеуде, яғни майлар қатты күйден сұйық күйге ауысқан кезде маңызды рөл атқарады. Жануарлар майларының меншікті жылу сыйымдылығы 1,29-дан 2,3 кДж/(кг-К) дейінгі аралықта өзгеріп отырады. Әр түрлі жануарлардың майларының меншікті жылу сыйымдылық шамасы арасында сәйкессіздік аз болады. Жануарлар майларын балқыту үшін, яғни оларды қатты күйден сұйық күйге ауыстыру үшін 1 кг өнімге 121 - 146 кДж жылу жұмсау керек. Дәл осындай жылу мөлшері майды сұйық күйден қатты күйге ауыстыру үшін де қажет [33, 34].

### 1.4 Жануар майын пайдалану жолдары. Желім және желатин технологиясы

Жоғарыда айтылған физикалық және химиялық қасиеттеріне байланысты жануар майын пайдалану аясы да кең, нақтырақ айтсақ, желім жасауда, бояғыш заттар өндіруде, әртүрлі механизмдердің бұйымдарын майлау үшін, сонымен қатар тамақ пен медицина саласында қолданылады.

*Желім* сүйек және мезрден (құрамында коллаген бар жұмсақ тіндерден) жасалады. Желім келесі ассортиментте шығарылады: қатты плитка, ұсақ ұнтақталған, ірі ұнтақталған және галерта (құрамында кем дегенде 49% құрғақ желім бар құрғақ желім). Желім таблетка, түйіршік және қабыршақ түрінде шығарылуы мүмкін.  Желім I, II және III сорттарда болады. Желімнің әртүрлілігі оның желімдеу қабілетіне (желімделген үлгілердің сыну беріктігінің шегі) байланысты, ол әр түрлі сорттар үшін 4000-нан 8800 Н/м$^2$-ге дейін немесе одан да көп. Желімнің ылғалдылығы 17% - дан аспауы керек, әйтпесе ол шіріп кетуі мүмкін. Күлдің мөлшері 3-3,5%-дан аспауы керек.

Желімнің көбіктену қабілеті шектеулі болуы керек, әйтпесе бетіне қолданылатын қабат қалыңдығы біркелкі болмайды. Желім әртүрлі салаларда көптеген мақсаттарда қолданылады. Төмен сортты желім, желім бояуларын жасауға кетеді.

*Желатин.* Желатин – оның мақсатына және сапалық көрсеткіштеріне байланысты тағамдық, техникалық және фотожелатинге бөлінеді. Тағамдық желатин түрлі тағамдарда, мысалы, желе, ет және балық консервілері, кондитерлік өнімдер, балмұздақ, кремдер, майонездер сияқты өнімдерде эмульгатор және тұрақтандырғыш ретінде қолданылады. Сонымен қатар, ол кейбір сусындарды (шарап, сыра, су және т.б.) жеңілдету үшін және бактериологиялық қоректік орталарды дайындау үшін де пайдаланылады.

[37] әдебиет көзінде желатиннің пайдалану аясы көрсетілген (1.1 – сурет).

Сурет 1.1 – Желатинді қолдану аясы

Ерітіндінің тұтқырлығы, балқу температурасы және желе күші де бөлшектердің мөлшері мен асимметриясына байланысты өзгеріп отырады. Бөлшектердің мөлшеріне байланысты желатиннің орташа молекулалық салмағы мен оның ерітінділерінің тұтқырлығы арасында ерекше байланыс бар. Сондықтан тұтқырлық – маңызды сапалық көрсеткіштердің бірі болып табылады.

40°С температурада стандартты тағамдық желатин ерітіндісінің тұтқырлығы кемінде 6° Е болуы тиіс (стандартты ерітіндіде 17,75% құрғақ зат немесе 14,82% сусыз және күлсіз желатин бар). Желатиннің балқу температурасы 27 °С аз болуы қажет, ал азық-түлік өнімі ретінде оның құрамында 0,075%-дан артық консервант зат (күкірт газы) болмауы тиіс. Сонымен қатар, беткі және басқа ауыр металдардың тұздары шектеулі болуы қажет. Тағамдық желатиннің құрамында патогендік микроорганизмдер болмауы керек, ал патогенді емес микроорганизмдердің саны өте аз болуы керек. Стандартты дәрі-дәрмектің pH мәні 5-тен 7-ге дейін болуы керек, әйтпесе дәрі сусызданып, суыққа энергияны жоғалтады. Өнімнің ылғалдылығы 16% - дан аспауы керек, ал құрғақ қалдықтардың әрбір массасы үшін май мөлшері 2% - дан аспауы керек. Тағамдық желатин әр түрлі I, II және III типтерге бөлінеді, ол түссіз немесе ашық сары, жұқа ашық қабаттар немесе әртүрлі пішіндер мен өлшемдегі ұсақ бөлшектер түрінде болады.

Желатинді өндіру процесінің технологиялық сұлбасы 1.2 – суретте көрсетілген [36].




Сурет 1.2 – Желатин өндірісінің технологиялық сұлбасы

Желатиннің негізгі қасиеті – оның сулы ерітінділерден желатин түзу қабілеті. Бұл желатин ерітіндісін құрайтын жоғары полимерлі бөлшектердің асимметриясына (қалыңдығынан ұзындықтың басым болуына) байланысты. Асимметрия неғұрлым үлкен болса, желе торының қаңқасы соғұрлым оңай пайда болады, оның жасушаларында су иммобилизацияланады және соғұрлым күшті болады. Ерітіндінің тұтқырлығы, балқу температурасы және желе күші де бөлшектердің мөлшері мен асимметриясына байланысты. Бөлшектердің мөлшеріне байланысты желатиннің орташа молекулалық салмағы мен оның ерітінділерінің тұтқырлығы арасында ерекше байланыс бар. Сондықтан тұтқырлық маңызды сапалық көрсеткіштердің бірі ретінде қарастырылады. 40°С стандартты тағамдық желатин ерітіндісінің тұтқырлығы кемінде 6°Е болуы керек. Сілікпенің балқу температурасы 27°С-тан төмен емес [38].

Полиграфиялық және техникалық желатин, ақша белгілері мен бағалы қағаздарды жасауда, көркем безендірілген кітаптар, журналдар шығару кезінде бояулардың құрамдас бөлігі ретінде қолданылады.

Ақ бояғыштармен араласқан полиграфиялық желатин фотоқағаз өндірісінде желімдеу материалы ретінде қолданылады.

Тоқыма және жеңіл өнеркәсіпте техникалық желатин штапельді талшықтан, вискозды жібектен, мақта және жүн маталарынан жасалған негізгі маталар үшін, сондай - ақ былғары бұйымдары мен музыкалық аспаптарды [39] желімдеу үшін қолданылады.

Құрылыс материалдары өнеркәсібі гипсті қалыптау жұмыстарын жүргізу кезінде желатинді байланыстырушы зат ретінде пайдаланады [40].

Радиотехника өнеркәсібі радиоқабылдағыштар мен теледидарлардың корпустарын желімдеу үшін желатинді қолданады.

Медициналық желатиннің фармацевтика өнеркәсібінде қолдану аясы кең: ол қатты және жұмсақ тағамдық капсулаларын, әртүрлі фармацевтикалық препараттарды, фармацевтикалық сарысуларды, жасанды бөтелкелерді, сүйек кемігін сақтауға және лейкоциттерді бөлуге арналған препараттарды өндіру үшін қолданылады.

*Өнеркәсіпте*. Сүйек майы майланған беттерде өте жақсы ұсталады және бірнеше жыл бойы кеуіп кетпейді. Бұл май қатты қабық түзбейді. Сондықтан ол сағат механизмдерін, телефон және телеграф жабдықтарын, бақылау-өлшеу және басқа да дәл құрылғыларды майлау үшін қолданылатын жоғары сапалы аспаптық майларды өндіруде таза түрінде де, құрамдас бөлігі ретінде де қолданылады.

Ол төмен үйкеліс коэффициентіне ие және кішкентай үйкеліс түйіндерінде жайылмай немесе буланбай көп уақытқа дейін тұра береді. Ол сағат механизмдері мен радио жабдықтарын реттейтін тораптарды майлау үшін қолданылады [41].

### 1.5 Органикалық шикізаттың қалдық массасынан май алу әдістері

Ет пен қосалқы өнімдерді (бастарды, аяқтарды) өңдеу кезінде алынған органикалық қалдық, оның ішінде, сүйек - шикізаттың құнды түрі болып

табылады, өйткені оның құрамындағы майдың, ақуыздың және фосфорлы кальций тұздарының көп мөлшері тамақ, жем және техникалық өнімдердің кең ассортиментін өндіруге болатын шикізат көзі.

Сүйекті қайта өңдеу технологиясында алынатын өнімнің түрі мен тағайындалуына тәуелсіз, алғашқы кезеңде майды бөліп алу міндетті тұрады. Бұл процесс маңызды, себебі май бір жағынан құнды техникалық өнім болса, екінші жағынан сүйектен кейінгі технологиялық өңдеу сатыларына кедергі келтіріп, жемдік ұн, желім және желатиннің сапасын төмендетуі мүмкін [42].

Майсыздандыру көп факторлы жылумасса алмасу процесі, ол термиялық өңдеу режиміне, температураға және әсер ету ұзақтығына, шикізат бөлшектерінің мөлшеріне және т.б. байланысты. Сондықтан майсыздандырудың майдың жоғары шығымдылығымен қатар органикалық шикізат қалдықтарының коллагенінің минималды өзгерістері қамтамасыз етіліп, алынған бағалы компоненттің құрамын өзгермейтіндей оңтайлы режимдерін жасау маңыздылығы [43] жұмыста көрсетілген.

Органикалық шикізат қалдықтарынан май алу - шикізат кемігінің май жасушаларын толығымен шикізат тінінің жөке тәрізді затынан бөліп алу үшін жағдай жасауды немесе олардың алдын-ала жойылуын, содан кейін олардан майды алып тастауды көздейтін технологиялық операцияларды қажет етеді. Осы жалпы тәсілдерге сүйене отырып, органикалық шикізат қалдықтарынан майды бөліп алудың әртүрлі әдістері ұсынылған. Сүйек кемігінің май жасушаларының жойылуына және олардағы майдың агрегаттық күйінің өзгеруіне негізделген жылу әдістері кең таралған [44].

### 1.5.1 Органикалық шикізат қалдықтарын өңдеудің технологиялық үрдістері

*Органикалық шикізат қалдықтарынан майды бөліп алудың дымқыл және құрғақ әдістері.* Ақуызды заттардың жылу денатурациясы және коллагеннің гидротермиялық дезагрегациясы, майдың агрегаттық күйінің өзгеруі және оны көрсетілген өзгерістер нәтижесінде жойылған май жасушаларынан бөліп алу кезінде органикалық шикізат қалдықтарын өңдеудің дымқыл әдісімен үш фазалы жүйе пайда болады: май, сорпа және майсыз сүйек. Сүйектің майсыздандыру дәрежесі майды алу процесінің технологиялық режимімен және әдісімен анықталады.

Құрғақ әдіспен термиялық өңдеу нәтижесінде сүйек пен сүйек қалдықтарындағы ылғал (адсорбциялық байланысқан бос және негізгі бөлігі) буланып кетеді. Құрамында майы бар жасушалардың ақуыздары дегидратацияланады, сынғыш болады, ыдырайды және бұл процесте олардағы май ішінара бөлінеді [45].

Сүйек шикізатын жылумен өңдеудің дымқыл әдісі оны өңдеудің барлық кезеңінде салқындатқышпен — сумен немесе өткір бумен үнемі байланыста болуын қамтамасыз етеді. Құрғақ әдіспен шикізат пен салқындатқыштың тікелей байланысы болмайды. Жылуды тасымалдау байланыс беті арқылы жүзеге

асырылады. Осылайша, бұл жағдайда сүйекті (сүйек қалдығын) өткізгіш әдіспен қыздыру орын алады.

Қыздыру нәтижесінде сүйек шикізатының барлық құрылымдық элементтері өзгереді-ақуыздар, майлар, дәрумендер және т.б. Ақуыздар мен майлардың өзгеруі өте маңызды, бұл шикізаттың майсыздандырылуының толығымен жүргендігін және алынған өнімнің сапалық көрсеткіштеріне байланысты болады. Сүйекті термиялық өңдеуді тиімдірек ету үшін оны шикізатқа физикалық факторлардың әсерімен толықтырады: электр импульстары, діріл және ультрадыбыстық тербелістер [46].

Екі әдіс негізінде қайта өңделген шикізаттан бағалы компоненттерді бөлуге арналған үздіксіз жұмыс жасайтын бірнеше қондырғылар бар.

*Мерзімді аппараттарда құрғақ тәсілмен органикалық шикізат қалдықтарынан майды бөліп алу.* Мерзімді әсер ететін жабдықта майды құрғақ әдіспен алу процесі ұсақталған сүйекті сирету кезінде термиялық өңдеуді және орталықтан тепкіш өрісте қыздырылған құрғақ сүйекті қосымша майсыздандыруды көздейді. Сүйекті термиялық өңдеудің құрғақ әдісін қолдану құрғақ заттардың жоғалуын жояды және осының арқасында жемдік ұнның 47% дейін жоғары шығымдылығын қамтамасыз етеді. Тамақ майының шығымы сүйек массасының 12% құрайды, майсыз сүйектің қалдық майы 5% құрайды.

Автоклавта май ерігеннен кейін сүйекте: май 5,0-6,5%, ақуыз заттары 15,5-18,0%, минералдар 45-51%, ылғал 26-33% болады. Кептіруден кейін оны жем ұнына айналдыруға болады. Сорпада шамамен 10% органикалық заттар бар, бірақ тұтқырлығы аз. Оны төмен сортты галерта желімін жасау үшін пайдалануға болады [47, 48].

Майды алудың ең тиімді түрі май мен сорпаны үздіксіз ағызатын автоклавта жүреді (1.3-сурет). Майдың шығымдылығы оның май құрамының шамамен 85% құрайды, май жоғары сортта алынады (қышқыл саны шамамен 1,0), тұтқырлығы мен концентрациясы жоғары сорпалар, ал сүйек сынғыш және құрғақ (ылғалдылығы шамамен 16%), құрамында шамамен 6% майы болады.

Қайта өңделген шикізаттың термодинамикалық параметрлерін анықтау үшін элементтік құрамын (O, C, S, N, H), аналитикалық ылғал мен күлдің шамасын анықтау қажет. Ол үшін, үлгілер Алматы қаласындағы АҚ «Ә.Б. Бектұров атындағы химия ғылымдары институтына» сараптама жасауға жіберілді (Қосымша Б). Алынған мәліметтер негізінде әр элемент үшін үлгінің химиялық құрамын құрғақ зат шамасына (2.3) формула көмегімен ауыстырылды. Күл шамасы мен аналитикалық ылғал шамасы «Академик Е.А.Бөкетова атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КеАҚ «Химиялық технология және мұнай химиясы» кафедрасында анықталды.

$$\boldsymbol{R^{daf}} = \frac{\mathbf{R^a}}{\mathbf{100-(A+W^a)}}, \qquad (2.3)$$

мұнда $\boldsymbol{R^{daf}}$- O, C, S, N, H элементтерінің құрғақ массасы;

$\boldsymbol{R^a}$- O, C, S, N, H элементтерінің аналитикалық массасы;

*A*-күл;

*W*- аналитикалық ылғал.

Үлгінің аналитикалық массасы CHNSO FlashSmart элементті анализатор көмегімен анықталды. Зерттеу нәтижесі 3-бөлімде көрсетілген.

Элементтік құрамы анықталғаннан кейін үлгінің термодинамикалық парметрлерін анықтау үшін А.М. Гюльмалиевтің аддитивті әдісі пайдаланылды.

А.М. Гюльмалиевтің аддитивті әдісі - термогравиметриялық анализаторда жүргізілген эксперименттердің нәтижелеріне негізделген үлгінің термиялық ыдырауының кинетикалық параметрлерін есептеу әдісі болып табылады.

Есептеу көміртек атомдарының гибридті күйлері мен онымен химиялық байланысқан сутегі атомдарының санын ескеретін параметрлер жиынтығы бойынша жүргізіледі. Бұл аддитивтік әдіс [98] еркін құрылымды көмірсутектер үшін 298-1000 К аралығында термодинамикалық функциялардың температуралық тәуелділігін есептеуге мүмкіндік береді. Бұл әдісте гетероатомдар функционалды топтардың құрамында қарастырылады. Аддитивті әдіске сәйкес термодинамикалық функция $Ф_М$ молекулалар М қосынды түрінде ұсынылуы мүмкін:

$$Ф_M = \sum_{\mu} f_{\mu}, \tag{2.4}$$

мұнда $f_{\mu}$ - $\mu$-й типті құрылымды топтың Ф құрамы шамасы.

Көмірсутектердің және басқа органикалық молекулалардың термодинамикалық функцияларын есептеу үшін қолданылатын атомдық топтардың тізімі жұмыста [99] келтірілген. Атомдардың әр тобы үшін $C_p(T)$, $H_{298}$ және $S_{298}$ шамаларының мәндері модельдік молекулалар үшін тиісті мәліметтерден анықталды.

Параметрлерді анықтаудың есептік реті келесідей. Берілген температурада М молекуласының термодинамикалық функциясы $Ф_м$ (Т) $f_i$(Т) құрылымдық топтарының сәйкес шамаларының қосындысы ретінде ұсынылады:

$$Ф_M(T) = \sum \chi_i f_i(T), \tag{2.5}$$

$C_p$ фрагменттердің температураға тәуелділігін есептеу квадраттық функция бойынша жүргізілді:

$$C_p^0 = \alpha + \beta + cT^2, \tag{2.6}$$

мұнда $\alpha$, $\beta$, $c$ – эмпирикалық коэффициенттер.

Содан кейін берілген температура (2.4) форомула негізінде $\Delta C_{р.м}$(Т) и $\Delta S_м$ (Т) шамалары анықталды:

$$\Delta C_{p.M}(T) = C_{p.M}(T) - \sum_A C_{p.A}(T), \tag{2.7}$$

$$\Delta S_M(T) = S_M(T) - \sum_A S_A(T), \tag{2.8}$$

мұнда $C_p$ мен $S_A$ сәйкесінше, М молекуласын қалыптастырушы атомдардың жылусыйымдылығы мен энтропиясы.

Оларда (2.6) формула бойынша есептелінеді. $\Delta C_{p.A}$ мен $S_A$ атомдары (H, C, N, O, S) үшін $\alpha, b, c$ коэффициент шамасы 4 – бөлімдегі 4.3 – кестеде көрсетілген.

$$H(T) = \Delta H_{298} + \int_{298}^{T} \Delta C_{p.M}(T)dT, \tag{2.9}$$

$$\Delta S_M(T) = \Delta S_{298} = \Delta T_{298} + \int_{298}^{T} \Delta C_{p.M}(T)d(\ln T), \tag{2.10}$$

(2.6) теңдеуді ескере отырып (2.9 бен 2.10) теңдеулерден төмендегі өрнекті аламыз:

$$\Delta H(T) = \Delta H_{298} + \alpha(T - 298) + \frac{\beta}{2}\left[T^2 - 298^2\right] + \frac{\gamma}{3}\left[T^3 - 298^3\right], \tag{2.10}$$

$$\Delta S(T)\Delta S_{298} + \alpha \ln\frac{T}{298} + \beta(T - 298) + \frac{\gamma}{2}\left[T^2 - 298\right], \tag{2.11}$$

мұнда $\alpha = \sum_{\mu} \alpha_{\mu}$; $\beta = \sum_{\mu} b_{\mu}$ және $\gamma = \sum_{\mu} c_{\mu}$

$\Delta G$ Гиббстің бос энергиясы келесі теңдеу бойынша анықталды:

$$\Delta G(T) = \Delta H(T) - T\Delta S(T), \tag{2.12}$$

Осы теңдеулер негізінде автоматты есептеу аллгоритмі жасалған. Автоматты түрде жұмыс істейтін Гюльмалиев әдісі бойынша есептеу 2.14-суретте көрсетілген.




Сурет 2.14 – А.М. Гюльмалиевтің аддитивті  әдісі бойынша есептеу

Әдіс бойынша үлгінің құрғақ массасы анықталған соң, суретте көрсетілген (1) аймаққа сан мәндерін енгізген кезде, бағдарлама автоматты түрде (2) аймақта термодинамикалық парметрлерді (жылусыйымдылық, кал/(моль*К); энтальпия, ккал/моль; энтропия кал/(моль*К); Гиббс энергиясы, ккал/моль; келтірілген термодинамикалық потенциал, кал/(моль*К) есептеп шығарады.

*Қайта өңделген шикізаттың дифференциалды термиялық анализі.* Органикалық шикізат қалдығының диференциалды термиялық анализі «Академик Е.А.Бөкетова атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КеАҚ, «Химиялық мәселелер ғылыми-зерттеу институтында» LABSYS EVO термогравиметриялық анализатор көмегімен анықталды.

Анализатор көмегімен қатты және ұнтақты үлгілердің температурасына және термиялық өңдеу уақытына байланысты үлгі массасының өзгеруін өлшеуге болады.

Анализатордың сыртқы бейнесі 2.15 – суретте көрсетілген. Анализатор бір мезгілде екі ұяшықты – бірі зерттелетін затпен, екіншісі «эталонмен» толтырылған – қыздыру арқылы жұмыс істейді. Фазалық ауысу температурасы деп аталатын белгілі бір температурада зерттелетін үлгінің жылу бөлуі немесе жұтылуы нәтижесінде фазалық ауысу жүреді. Бұл кезде екі ұяшық арасындағы жылу ағынының айырмашылығын арнайы датчик тіркейді. Алынған сигналдың интегралы фазалық ауысудың жылуын сипаттайтын физикалық шаманы анықтайды, ал оны масса бірлігіне қайта есептеу арқылы фазалық ауысудың меншікті жылуын табуға болады.

Фазалық ауысу температурасының мәні «жылу ағыны – температура» тәуелділігін сипаттайтын қисықтағы монотондылықтан ауытқу басталатын

нүкте ретінде анықталады. Бұл нүкте қисықтың төмен температуралы тармағының экстраполяциясының базалық сызықпен қиылысуынан табылады.

Сурет 2.15 – LABSYS EVO термогравиметриялық анализаторы

Анализаторларда екі ұяшықты және жылу ағыны датчигі бар түйін, жоғары сезімтал аналитикалық таразылардың иықтарының біріне бекітілген. Бұл конструкциялық шешім бір экспериментте және бір үлгіде фазалық ауысудың жылуы мен температурасын өлшеуге және зерттелетін үлгінің массасының өзгеруін тіркеуге мүмкіндік береді.

Калориметрлерде шығарылатын ақпаратты өлшеу және өңдеу процесін басқару «CALISTO» арнайы бағдарламалық кешенінің көмегімен IBM-үйлесімді дербес компьютерде жүзеге асырылады.

**2 - бөлім бойынша қорытынды**

1. Зерттеу нысаны ретінде агроөнеркәсіптік кешендегі қалдықтарды қайта өңдеу және оларды тиімді пайдалану үшін ірі қара малдың әртүрлі өлшемді сүйектері алынды.

2. Су астындағы ұшқын разрядының ерекшеліктерін зерттей отырып, органикалық шикізат қалдықтарынан құнды компоненттерді бөліп алуға мүмкіндік беретін зертханалық қондырғы жиналды.

## 3 ТӘЖІРИБЕЛІК ЗЕРТТЕУЛЕР НӘТИЖЕЛЕРІ

үрдісі, алынатын өнім сапасын нашарлатады. Сол себепті құрылымы берік, органикалық қалдықтардың матрицасын бұзып, құнды компоненттердің еркін бөлініп шығуын қамтамасыз ететін әдісті қарастыру керек. Осы тұста электрогидроимпульсті қондырғының оңтайлы параметрлерін зерттеу маңызды үрдістің бірі болып табылады.

3.4-суретте электрогидравликалық әсер кезінде органикалық шикізат қалдығынан бағалы компонентті бөліп алу дәрежесінің тәуелділігі көрсетілген, W-коммутирлеуші құрылғыдағы бөлінген энергия, C – конденсатор батареясының сыйымдылығы, $m_{фр}$ – фракция массасы, $d_{фр}$ – фракция өлшемі, Δm – майдың бөліну шамасы. Бұл тәжірибелік жұмыста электрогидроимпульсті қондырғының негізгі электрлік параметрлері келесідей C = 0,4 мкФ, m = 1 кг, f = 5 *$10^{-3}$ м.




Сурет 3.3 – Органикалық шикізат қалдығынан бағалы компонентті бөліп алу шамасының температураға тәуелділігі




Сурет 3.4 – Электрогидроимпульстік әсер кезіндегі органикалық шикізат қалдығынан бағалы компоненттің бөліп алу шамасының температураға тәуелділігі

3.3 – суреттегі графикте қыздыру кезінде майсыздану шамасы 50°С асқан кезде артады, ал электрогидравликалық әсер кезінде аз температурада, яғни 36 – 50°С аралығында майдың бөліну шамасы күрт артқанын көруге болады. Осы тәуелділік ірі қара малдың майының балқу температурасының 32 – 50°С аралығында екенін дәлелдейді [102. Б. 324]. 1-үлгіде май үлесі көп, сол себепті бөлінетін май шамасы да 2 – үлгі мен 3 – үлгіге қарағанда артық. Ал 80°С кейін майдың бөліну шамасы тұрақталды.

32°С – 50°С интервалдағы температура май шикізатын бұзуға және одан құнды компонент – майды бөліп алуға мүмкіндік берді. Жануар майлары (соның ішінде сүйек майы) негізінен триглицеридтерден тұрады, олардың балқу температурасы 28 – 50°С аралығында. 32°С төмен температурада майдың бір бөлігі адсорбция мен капиллярлық үрдістер нәтижесінде жойылған тінмен (шквармен) ұсталады, майдың тұтқырлығы мен беттік керілуі артады және экстракция процесі баяулайды. Ал 32°С – тан бастап қатты фракциялар ери бастайды, ал 45 – 50°С аралығында майдың көп бөлігі сұйық күйге өтеді. Бұл диапазонда ылғал біртіндеп булана бастайды, бірақ қайнау нүктесіне жетпейді, сондықтан майдың тотығуы немесе жағымсыз иіс түзілуі болмайды. Ылғалдың бір бөлігінің бөлінуі май фазасының бөлінуін жеңілдетеді.

Электрогидроимпульс әдісін зерттеу нәтижелері электрогидравликалық әсерден туындайтын импульстар, тіндердің құрамындағы май жасушаларын ұстайтын байланыстарды бұзу үшін жеткілікті екенін көрсетті.

### 3.2 Органикалық шикізат қалдықтарынан бағалы компоненттерді бөліп алуға арналған электрогидроимпульс әдісінің электрлік және энергетикалық сипаттамалары

#### 3.2.1 Разрядты контур сыйымдылығының органикалық қосылыстардың фазалық бөлінуіне әсері

Конденсатор сыйымдылығының оңтайлы мәнінің органикалық қалдықтан бағалы компоненттерді бөліп алуға әсері, қондырғының басқа параметрлерінің (U, l, t) тұрақтылығы кезінде зерттелді. Органикалық қалдықтардан бағалы компоненттердің бөліну шамасы үлгілерді 30°С ден 70°С аралығында қыздыра отырып анықталды. Бұл тәжірибелік жұмыста электрогидроимпульсті қондырғының негізгі электрлік параметрлері келесідей U = 25 кВ, $m_{фр}$ = 1 кг, f = 5 *$10^{-3}$ м, l = 9 мм. Зерттеу нәтижелері 3.5 (а-д) – суреттерінде көрсетілген. С - конденсатор батареясының сыйымдылығы, Δm, % – майдың бөліну шамасы. Бұл тәжірибе экспериментті қайталап жасау үшін С анықтауға мүмкіндік береді.




а) t = 32°С


14
12
10
8
6
4
2
Δm, %
0,2
0,4
0,6
0,8
1,0
C, мкФ
үлгі 1
үлгі 2
үлгі 3
үлгі 4

б) t = 40°C


20
18
16
14
12
10
8
6
4
2
Δm, %
0,2
0,4
0,6
0,8
1,0
C, мкФ
үлгі 1
үлгі 2
үлгі 3
үлгі 4

в) t = 50°C




г) t = 60°C




д) t = 70°C

Сурет 3.5 – Конденсатор сыйымдылығының әртүрлі мәндері кезінде бағалы компоненттердің бөліну шамасы

Графиктерде бағалы компоненттің бөліп алу шамасы конденсатор сыйымдылығының артуымен тұрақталады. Ал бұл өз кезегінде тәжірибені бірнеше рет қайталау үшін тиімді параметерлерді анықтауға мүмкіндік береді.

Эксперимент нәтижелері бойынша органикалық шикізат қалдықтарына соққы толқындарының сериясымен әсер еткенде созылу күштері пайда болады, олар оны дөңгелек пішінді бөлшектерге тиімді түрде бөледі. Алынған құнды компоненттің өсуі бірнеше соққы толқындарымен бір мезгілде қыздыру үрдісі жүреді, соның салдарынан ұсақталған шикізаттың бетіндегі шекаралық қабат бұзылады, осылайша масса тасымалдау процесін жылдамдатады, сондықтан құнды компонентті алу дәрежесі артады. Бұл жағдайда шикізаттың ұсақталған бөлшектерінен құнды компоненттің бөлінуін қамтамасыз ететін термомеханикалық әсерлер жасалады.

Конденсатор батареясының сыйымдылығы разряд параметрлеріне, сәйкесінше үрдістің тиімділігіне әсер ететін негізгі фактор болып табылады. Сыйымдылық неғұрлым үлкен болса, сақтау энергиясы соғұрлым жоғары болады, демек, разряд қуаты да жоғары болады. Бұл органикалық шикізат қалдығының тініндегі май жасушаларының қарқынды бұзылуына әкеледі. Сондықтан конденсатор батареяларының сыйымдылығының оңтайлы режимін таңдау маңызды болып табылады. Егер сыйымдылығы аз болса, онда алынған разряд энергиясы жеткіліксіз болуы мүмкін, ал шамадан тыс үлкен сыйымдылық шикізат құрылымы мен құрамын бұзуы мүмкін. Сондықтан тәжірибелерді бірнеше рет қайталап жасай алуға және құнды компоненттерді оңтайлы алу үшін тиімді сыйымдылық батареяларының мәні 0,4 мкФ құрады.

Электроимпульс разряды судағы жергілікті соққы толқындары мен кавитацияны тудырады. Сыйымдылықтың жоғарылауымен бұл құбылыстардың күші артады, бұл органикалық қалдық кеуектерінен бағалы компоненттердің жақсы шығуына көмектеседі. Электрлік импульсті өңдеу кезінде органикалық шикізат қалдықтарынан құнды компоненттерді бөліп алу, жұмыс ортасындағы қысқа мерзімді қуатты электр разрядтары арқылы жүзеге асырылады, біздің жағдайда жұмыс ортасы - техникалық су болып табылады. Себебі электрогидравликалық эффект кезінде электр импульсінің энергиясы су арқылы үлгіге өтеді. Су-разрядтау кезінде пайда болатын соққы толқынын беру үшін тамаша орта. Сонымен қатар, импульс жылу шығарумен бірге жүретіндіктен, су үлгінің қызып кетуіне жол бермей, ақуыздар мен майларды бөліп алу кезінде оның қасиеттерін сақтайды.

Органикалық шикізат қалдығынан алынған май тек сумен жанасу жағдайында ериді, әйтпесе барлық балқытылған май адсорбция мен капиллярлық нәтижесінде, сондай-ақ механикалық түрде шикізатта қалады. Үлгіге енетін су, маймен қоршалған морфологиялық түзілімдердің бұзылуына ықпал етіп, оны одан шығарады. Бұл алынып отырған үлгінің тез және біркелкі қызуын қамтамасыз ету үшін де қажет [103. Б. 351].

Импульстардың шамасын өз кезегінде қозғалатын дененің кинетикалық энергиясы анықтайды, ал олардың саны — уақыт бірлігінде дене қозғалысының қайталану жиілігі.

Сапалы өнім алу үшін зерттеу жұмыстары кезінде әр түрлі конденсатор сыйымдылығы кезінде импульс сандарының ауа разрядтағыш арақашықтығына тәуелділігі қарастырылды. Тәуелділік 3.6-суретте көрсетілген, С1 = 0,4 мкФ, С = 0,25 мкФ.




Сурет 3.6 – Кондесатор сыйымдылығы 0,25 мкФ және 0,4 мкФ кезіндегі импульс сандарының ауа разрядтағышының арақашықтығына тәуелділігі

Электрлік разряд импульстарының саны электронды осциллографтың көмегімен тіркелді. Егер ауа разрядтағышын 7 мм қашықтықта орнатылса, 5 минут ішінде С2 = 0,25 мкФ конденсатор батареясының сыйымдылығымен 720 электр разрядының импульсін алуға болатындығы эксперименталды түрде анықталды. С1 = 0,4 мкФ сыйымдылығы кезінде электр разрядының импульстарының саны 600-ге дейін азаяды. Ауа саңылауындағы электродтар арасындағы қашықтық 9 мм болғанда, сыйымдылықтың ұқсас мәндерінде импульстік разрядтардың саны сәйкесінше 530-дан 460-қа дейін өзгереді [104].

Ауалы разрядтағыш арақашықтығының жоғары диапозондағы өзгерісін таңдау, разряд соққыларын алу үшін қажетті кернеудің оңтайлы мәніне қол жеткізумен түсіндіріледі. Көптеген сынақтар электрогидроипульсті қондырғының ауа разрядтағышының берілген диапазонындағы арақашықтығы кезінде тұрақты режимде жұмыс істейтінін көрсетті. Кездейсоқ мерзімінен бұрын разрядтау ықтималдылығы азаяды және конденсаторлардың толық разрядталып, соққы толқындарын қалыптастыру үшін разряд энергиясының жеткілікті мөлшерін алуын қамтамасыз етеді.

### 3.2.2 Органикалық шикізат қалдықтарынан құнды компоненттерді бөліп алуда кіріс энергиясының жұмыс арнасына әсері

Әр түрлі энергия мәндерінде органикалық шикізат қалдықтарынан бағалы компоненттерді алу дәрежесінің тәуелділігі 3.7 – 3.10-суреттерде көрсетілген. Майды бөліп алумен шикізат матрицасының бұзылуы басталатын коммутирлеуші құрылғыдағы энергияның минималды мәні (үлгі 2 үшін) шамамен 40 – 50 Дж құрайды. Жоғарыда жасалған зерттеу жұмыстарының

нәтижелері шикізат матрицасының бұзылу аймағын анықтайтын қоспаның температурасы кем дегенде 32°С болу керектігін көрсетті.

Майдың көлемдік концентрациясы әрқашан жарылыс энергиясына тікелей пропорционалды бола бермейді. Жұмыс арнасына жеткізілетін энергияның өсуімен (Е >> 360 Дж) майды бөліп алу қарқындылығының баяулау үрдісі байқалады.

Графикте майдың максималды шығымы 40 – 60°С кезінде коммутирлеуші құрылғыдағы 120 ÷ 240Дж энергия мен сыйымдылығы С = 0,4 мкФ мәндеріне сәйкес келеді. Бұл ірі қара малдың майларының балқу температурасы 32°С-дан 50°С-қа дейінгі аралықта болатындығын растайды.

Тәжірибелік жұмыстарды жасау үшін әртүрлі органикалық шикізат қалдықтарының үлгілері алынды: ■ – үлгі 1, • – үлгі 2, ▲ – үлгі 3. Δm, % – майдың бөліну шамасы, Е, Дж – жұмыс арнасына жеткізілетін энергия.




Сурет 3.7 – 32°С кезінде органикалық қалдықтардың майсыздану шамасының коммутирлеуші қондырғыдағы энергия мәндеріне тәуелділігі




Сурет 3.8 – 36°С кезінде органикалық қалдықтардың майсыздану шамасының коммутирлеуші қондырғыдағы энергия мәндеріне тәуелділігі




Сурет 3.9 – 40°С кезінде органикалық қалдықтардың майсыздану шамасының коммутирлеуші қондырғыдағы энергия мәндеріне тәуелділігі




Сурет 3.10 – 50°С кезінде органикалық қалдықтардың майсыздану шамасының коммутирлеуші қондырғыдағы энергия мәндеріне тәуелділігі

Органикалық шикізат қалдықтарындағы тіндік майлардың құрамы мен физика-химиялық қасиеттері әртүрлі. Осыған байланысты балқу температурасы әртүрлі, қышқыл шамалары мен басқа көрсеткіштері бірдей емес. Құрылымы бойынша сүйек тіндері дәнекер тіннің барлық түрлерінің ішіндегі ең күрделісі болып табылады және оссеиннен (сүйек коллагені) және суда ерімейтін кальций тұздарының аз мөлшерінен тұрады. Сүйек тіні – бұл айтарлықтай беріктік пен серпімділікке ие қатты масса. Оның бұл қасиеттері органикалық негіздің минералды тұздармен үйлесуіне байланысты. Сүйекті майсыздандыру процесі кезінде коммутациялық қондырғыдағы энергияның шамасы электрогидроимпульстік әсердің тиімділігіне тікелей ықпал етеді. Энергия артқан сайын разряд кезінде пайда болатын соққы толқындарының қарқындылығы мен кавитациялық құбылыстар күшейеді, бұл май жасушаларының бұзылуын және липидтік фракцияның бөлінуін жеңілдетеді. Алайда шамадан тыс энергия сүйек құрылымының артық деструкциясына алып келуі мүмкін, сондықтан тиімді энергия диапазонын таңдау майсыздандырудың жоғары тиімділігін қамтамасыз етеді.

Осыған байланысты бұл құбылысты майлардың тұтқырлығы температура артқан сайын төмендеп, сүйек матриксінен жеңіл бөлінуімен түсіндіруге болады. Демек, сүйек матриксінен майды электрогидравликалық әсер арқылы бөліп алудың физикалық негізі – қоспаның температурасы мен қондырғының энергетикалық параметрлеріне байланысты болады. Пульсациялық разряд қоспада энергиясы жоғары (ірі масштабты құйындар) турбуленттілікті тудырады.

Қондырғының энергетикалық параметрлерін анықтау мақсатында жасалған тәжірибелік жұмыстар негізінде, электрогидравликалық әсердің 3 режимінің ішіндегі - орташа режимі (U > 20кВ, C < 1мкФ) органикалық шикізат қалдықтарын өңдеуде тиімді болды. Бұл режим кезінде жеткілікті қарқынды соққы толқындары мен кавитация туындайды, бірақ энергия деңгейі бақыланатын болады. Май жасушаларын тиімді бұзып, органикалық шикізат қалдығындағы ақуыз және минералдық құрылымын сақтауға мүмкіндік береді және өнімнің артық қызуын немесе қажетсіз өзгерістерін болдырмайды.

### 3.3 Зертханалық зерттеулердің нәтижелерін талдау

Органикалық шикізат қалдықтарынан құнды компоненттерді бөліп алу үшін майды ұстап тұрған ақуыз құрылымын бұзу керек. Қажетті өнімді негізгі қасиеттері мен құрамын бұзбай бөліп алуға мүмкіндік беретін электрогидравликалық әдіс қолданылды.

Тәжірибе жүргізілмес бұрын, 20 кг органикалық шикізат қалдығы ұсақталып, белгілі бір фракцияларға бөлініп, арнайы электронды таразыларда өлшенді. Содан кейін органикалық шикізат қалдығы электрогидроимпульстің әсеріне сезімтал болуы үшін техникалық суы бар арнайы ыдысқа 24 сағатқа салынады. Егер өңдеуді құрғақ қалдыққа жасайтын болсақ, онда жергілікті қыздыру жұмыстары үлгінің қатты қызуына және керек компоненттердің денатурациясына алып келеді. Ал суға қаныққан үлгіге соққы толқыны тереңірек және біркелкі өту есебінен, микро жарықтар пайда болады, ал бұл өз кезегінде майлардың не ақуыздардың қарқынды бөлінуіне әкеледі.

Жұмыс ұяшығындағы су алдын ала қажетті температураға дейін қыздырылған соң, суға қаныққан үлгі жұмыс ұяшығына салынып, электрогидравликалық әсердің көмегімен өңделді. Өңдеуден кейінгі үлгі массасын анықтау үшін электронды таразыда қайта өлшенді.

Бірнеше рет қайталанып жасалған зертханалық жұмыстар нәтижесінде қондырғының тиімді параметрлері алынып, соның негізінде диаграммалар тұрғызылды.

Су астындағы ұшқын разрядының майсыздандыру дәрежесіне әсері коммутирлеуші құрылғыдағы кернеу шамалары 10, 12, 15, 18, 20, 25, 30 кВ кезінде зерттелді; конденсатордың сыйымдылығы 0,2; 0,25; 0,4; 0,5 мкФ болды. Ауалы разрядтығыш электродтарының қашықтығы 7-ден 12 мм-ге дейін өзгертілді.

Органикалық шикізат қалдықтарынан бағалы компоненттерді бөліп алу суда жоғары вольтты разряд салдарынан туындайтын ұшқын разрядының және газ көпіршігінің кавитациясының әсерінен жүреді. Бағалы компоненттерді бөліп алу қарқындылығы электрогидроимпульсті қондырғының электрлік параметрлері мен жұмыс ұяшығындағы қоспаның температурасына байланысты. 3.11 – 3.16 суреттерде $U$ кернеудің, $l_p$ разряд аралығының ұзындығы мен қоспаның әртүлі температурасы кезіндегі үлгілерден майды бөліп алу шамасының конденсатор батареясының сыйымдылығына әсері көрсетілген.

Тәжірибелік жұмыстарды жасау үшін әр түрлі үлгілер алынды, Δm, % – майдың бөліну шамасы, f – алынған үлгі өлшемі.




Сурет 3.12 – Электрогидроимпульсті қондырғының параметрлері $U = 10кВ,\quad l_p = 7мм,\quad t_{коспа} = 32^{\circ}C$ болған кездегі қайта өңделген қалдықтардың майсыздану шамасына әсері




Сурет 3.13 – Электрогидроимпульсті қондырғының параметрлері $U = 15кВ,\quad l_p = 7мм,\quad t_{коспа} = 32^{0}C,\ f = 10{,}5мм$ болған кездегі қайта өңделген қалдықтардың майсыздану шамасына әсері




Сурет 3.14 – Электрогидроимпульсті қондырғының параметрлері $U = 20кВ,\quad l_p = 8мм,\quad t_{коспа} = 36^0 C$ болған кездегі қайта өңделген қалдықтардың майсыздану шамасына әсері




а) С = 0,25 мкФ




б) С = 0,4 мкФ




в) С = 0,5 мкФ

Сурет 3.15 – Электрогидроимпульсті қондырғының параметрлері $U = 25кВ,\quad l_p = 9мм,\quad t_{коспа} = 36^0 C$ болған кездегі қайта өңделген қалдықтардың майсыздану шамасына әсері




Сурет 3.16 – Электрогидроимпульсті қондырғының параметрлері $U = 25кВ$, $l_p = 9мм$, $t_{коспа} = 38^0 C$, $f = 2мм$ болған кездегіқайта өңделген қалдықтардың майсыздану шамасына әсері




Сурет 3.17 – Электрогидроимпульсті қондырғының параметрлері $\mathbf{U = 30}$ кВ, $\mathbf{l_p = 12}$ мм, $\mathbf{t_{қоспа} = 44}$°C болған кездегі қайта өңделген қалдықтардың майсыздану шамасына әсері

Алынған зертханалық мәліметтерден коммутирлеуші құрылғыдағы кернеудің шамасы $U = 25кВ$, разряд аралығының ұзындығы $l_p = 9мм$, ал

конденсатор батареясының сыйымдылығының оңтайлы мәні $C = 0{,}4 мкФ$ тең болған кезде жоғары нәтижеге қол жеткізуге болатыны анықталды.

Тәжірибелік жұмыстар негізінде органикалық қалдық массасынан май алудың электрогидроимпульс әдісінің оңтайлы параметрлері анықталды.

**3 - бөлім бойынша қорытынды**

1. Соққы толқындарының әсерінен органикалық қалдықтан бағалы компонентті бөліп алу 36 ÷ 50°С температура аралығында болатындығы анықталды. 38°С – ірі қара малдың қалыпты физиологиялық температурасы. Осы температурада майлы тіндер мен ферменттік жүйелердің табиғи тепе-теңдігі сақталады. Май құрылымы қалыпты жағдайда дәл осы температурада тұрақты, сондықтан соққы толқыны кезінде май фазасының қайта бөлінуі жүреді.

2. Зерттеулер жүргізудің әдістемесі мен шарттары және сынақтар өткізу тәртібі әзірленді.

3. Органикалық қалдық массасын өңдеудің электрогидроимпульстік әдістің тиімді электрофизикалық параметрлері алынды: коммутирлеуші құрылғысындағы энергия шамасы 120 ÷ 240 Дж, импульстік кернеу 25 кВ, конденсатор сыйымдылығы 0,4 мкФ және ауалы разрядтағыш электродтарының ара қашықтығы 9 мм.

4. Соққы толқындарын тудыратын қондырғының жұмыс ұяшығы үздіксіз қыздырылып, органикалық шикізат қалдығының фракция өлшемі 2 мм болған кезде майсызданудың жоғарғы шамасын көрсетті.

# 4 ӨҢДЕЛГЕН ОРГАНИКАЛЫҚ ШИКІЗАТ ҚАЛДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛУФИЗИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ЗЕРТТЕУ

## 4.1 Қос сәулелі сканерлеуші (UV - 1800) спектрофотометрде жасалған сараптама нәтижелері

Органикалық шикізат қалдықтарында, атап айтқанда, сүйектерде майдан басқа ақуыз [105] көп мөлшерде болады. Бұл желатин өндірісінде негізгі шикізат көзі болып табылады. Сонымен қатар, ақуыз минералдарға бай болғандықтан, жемдік ұн дайындауда кеңінен пайдаланылады.

Спектрофотометрия әдісі спектрдің ультракүлгін аймағында сіңіру арқылы ақуыздардың бар не жоғын, сонымен қатар концентрациясын анықтауға мүмкіндік береді.

Ақуыздар ультракүлгін сәулеленуді, әсіресе 190 – 230 нм диапазонында жұтылу қабілетіне ие, бұл олардың құрылымында ароматты амин қышқылдарының-тирозин, триптофан және фенилаланиннің, сондай - ақ пептидтік байланыстардың болуына байланысты [106].

Тәжірибе нәтижелері 4.1 – суретте көрсетілген. Графикте қара түспен белгіленген сызық – өңделгенге дейінгі органикалық қалдықтың УФ спектрі, ал қызыл түсті сызықтар өңдеуден кейін органикалық қалдықтың УФ спектрі. Үлгі конденсатор сыйымдылығы С = 0,4 мкФ және температура өзгерісі Т = 36°С, 40°С, 44°С, 50°С кезінде өңделді.

Графикте 270 – 280 нм толқын ұзындығы аймағында ақуыздардың (тирозин, триптофан, фенилаланин) сіңіру максимумы. 280 нм – де анық шың көрінеді және өңдеуден кейін бұл көрсеткіш артты, себебі электр разрядтарының әсерімен өңдеу кезінде ақуыздардың ергіштігі артқанын көрсетеді. Ал нингидрин реакциясына тән максимумдар 360-390 нм аймақ болып табылады. 360 – 390 нм аймақта өңделмеген үлгіде оптикалық тығыздық 1,7056 көрсетсе, өңделген үлгіде 1,2528 – ге төмендеген. Толқын ұзындығының басқа мәндерінде де осы тәуелділік сақталады. Оптикалық жұтылу мәнінің төмендеуі үлгідегі ақуыз концентрациясының төмендеуін білдіреді, яғни зерттелетін объектіден ақуыздың біршама бөлігінің экстракцияланғандығын байқауға болады [107. Б. 9]. ЭГӘ өңделмеген үлгіде жұтылу концентрациясының біршама жоғары болуы ортада ақуыз компонентінің ерімегендігін көрсетеді.

Нингидрин реакциясына тән сіңіру жолақтары 360 – 390 нм аймағында анықталды. Аминқышқылдар мен пептидтердің нингидринмен әрекеттесуі нәтижесінде қалыптасатын хромофорлар бұл диапазонда айқын максимумдар берді, әсіресе 360 – 390 нм аралығында. Өңдеуден кейін сіңіру қарқындылығының төмендеуі ақуыз фракцияларының құрылымдық қайта бөлінуімен және төмен молекулалық өнімдердің түзілуімен түсіндіріледі.

Жалпы алғанда, алынған спектрлік деректер электрогидроимпульстік өңдеудің сүйектің органикалық матрицасының ақуыздық құрамына елеулі әсер ететінін, молекулалық құрылымның өзгеруін және функционалды топтардың реакциялық қабілетінің артуын дәлелдейді.




Сурет 4.1 – Өңдегенге дейінгі және өңдегеннен кейінгі үлгінің жұтылу спектрі

Электрогидроипульстік қондырғының артықшылығының бірі, кез келген органикалық шикізат қалдықтары сулы ортада өңделеді. Ал су органикалық шикізат қалдығының құрамына сіңе отырып ақуыз компоненті бар шикізат ұлпасын бұзып, ондағы ақуызды ығыстырып шығады. Осыған байланысты, минералды матрикс құрылымының бұзылу эффектісі болып, ерітінді ақуызды фракцияға айналады. Сол себепті бұл әдісті құнды органикалық компоненттерді бөліп алу үшін кез келген шикізат қалдықтарын өңдеудің тиімді физикалық технологиясы ретінде ұсынуға болады.

### 4.2 Атомдық абсорбциялық (АА140) спектрометр көмегімен алынған нәтижелерді талдау

Жануарлар сүйегінің бейорганикалық бөлігі – бұл тіннің құрылымдық беріктігін, механикалық төзімділігін және минералдық алмасуға қатысу қабілетін қамтамасыз ететін негізгі компонент. Сүйектің құрғақ массасының шамамен 65 – 70%-ын құрайтын бұл бөлік минералдар мен микроэлементтерден тұрады, олардың ішіндегі ең маңыздылары – гидроксиапатит**,** кальций және фосфор.

Гидроксиапатит – сүйек тінінің кристалдық негізі, кальций мен фосфат иондарынан түзілген тұрақты құрылым. Ол сүйекке қаттылық пен беріктік қасиеттерін береді. Сүйек минералдарының негізгі бөлігін осы қосылыс құрайды, ал кальций мен фосфор – сүйек тінінің минералдық матрицасындағы ең маңызды екі элемент. Ағзадағы кальцийдің 99% – ы мен фосфордың шамамен 85% – ы сүйек пен тіс тіндерінде орналасқан, бұл олардың құрылымдық әрі физиологиялық маңызын көрсетеді.

Сонымен қатар, сүйек тінінде магний, мырыш, мыс, фтор, натрий, калий, сияқты микроэлементтер аз мөлшерде болса да маңызды рөл атқарады. Олар остеобласттар мен остеокласттардың белсенділігін реттейді, коллаген синтезіне қатысады, сүйек регенерациясына әсер етеді және минералдардың дұрыс орналасуын қамтамасыз етеді.

Сүйектің бейорганикалық бөлігі жануар ағзасындағы минералдық қор ретінде де қызмет атқарады. Сондықтан сүйек тіні тек тірек қызметін ғана емес, гомеостазды қамтамасыз ететін динамикалық жүйе ретінде де қарастырылады.

Сол себепті шикізат қалдықтарының органикалық құрамын бөліп алу бойынша тәжірибелік зерттеулерден кейін үлгінің бейорганикалық бөлігі өңделгенге дейін және өңделгеннен кейін анықталды. «Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КеАҚ, «Физика – химиялық зерттеу әдістері» инженерлік бейіндегі зертханасында атомдық абсорбциялық (АА140) спектрометрдің көмегімен талдаулар жүргізілді.

4.1 – кестеде өңдеуге дейінгі (1 – үлгі) және өңдеуден кейінгі (2 – үлгі және 3 – үлгі) деректер көрсетілген. 2 – үлгі 0,25 мкФ конденсаторлық батарея сыйымдылығы кезінде, ал 3 – үлгі 0,4 мкФ конденсаторлық батарея сыйымдылығы кезінде өңделді.

Кесте 4.1 – Қайта өңделген шикізаттың минералды бөлігінде кездесетін макро- және микроэлементтер шамасы.

| | Ca, % | Fe, % | K, % | Mg, % | Mn, % | Na, % | Zn, % |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 үлгі | 43,736 | 0,057 | 0,058 | 0,251 | 0,004 | 0,774 | 0,016 |
| 2 үлгі | 47,944 | 0,042 | 0,004 | 0,058 | 0,003 | 0,121 | 0,01 |
| 3 үлгі | 50,11 | 0,095 | 0,008 | 0,041 | 0,005 | 0,144 | 0,01 |

Осы деректердің көмегімен диаграмма тұрғызылып, қорытынды жасалды.




Сурет 4.2 – Қайта өңделген шикізаттың минералды бөлігінде кездесетін макро- және микро элементтер шамасы

Графиктен бір элемент үлесінің көбейіп, ал екінші элемент үлесінің азайғанын көруге болады. 2 – үлгіде өңдеуге дейінгі Ca үлесі 43,74% болды, ал өңдеуден кейін (0,25 мкФ) 47,94% дейін өсті. Сондай-ақ, кальциймен салыстырғанда басқа элементтердің пайыздық мөлшерінің төмендегені байқалады. Ал конденсатордың сыйымдылығы 0,4 мкФ болғанда, Ca үлесі артты. Яғни, абсолютті мәнде кальций көп болған жоқ, ал оның құрамындағы үлесі өсті, яғни [108. Б. 6,7] ақпарат көзінде, сүйек, коллагеннен тұратын - органикалық бөліктен және кальции гидроксиапатитының көп мөлшері бар минералды құрам – неорганикалық бөліктен тұрады. ЭГӘ әсер еткен кезде органикалық бөлігінің азайып, бейорганикалық бөлігі артады. Ал бұл өз кезегінде органикалық қалдықтан құнды компоненттердің бөлініп шыққандығын дәлелдейді. Fe шамасы 0,057% ден 0,095% өсті, ал Mg - 0,251% - ден 0,041% - ге дейін төмендегені байқалды. Zn шамасы қатты өзгеріске ұшырамады.

Ең көп мөлшерде азайған элементтер, ол K мен Na. Себебі үлгі құрамында бұл екі элемент органикалық матрицамен нашар байланысқан ион түрінде болады [109]. Электрогидроимпульс әсерінен пайда болған кавитациялық көпіршіктердің бір – біріне соғылу кезінде пайда болған жарылыстар үлгі құрылымының бұзылуы мен массаалмасу процестерінің (диффузия, кавитация)

қарқынды жүруіне әсер етеді. Соның салдарынан нашар байланысқан иондар босап, сұйық ортаға таралады.

Электрогидроимпульс разрядтары соққы толқындары мен кавитацияны тудырады, бұл жұмсақ тіндердің құрылымын бұзады. Нәтижесінде майлар мен ақуыз қосылыстары органикалық шикізат қалдығынан босап шығып, органикалық және бейорганикалық компоненттердің арақатынасын өзгертеді. Шикізат қалдықтарының құрамын талдау бізге органикалық компоненттердің (ақуыздар, майлар) қаншалықты тиімді жойылғанын бағалауға мүмкіндік бере отырып, қондырғының оңтайлы параметрлерін таңдау үшін маңызды болып табылады. Органикалық заттарды бөліп алғаннан кейін бейорганикалық қосылыстардың салыстырмалы үлесі артады, біздің жағдайда кальций, магний, марганец. Бұл элементтердің көбеюі тамақ өнеркәсібі үшін де, техникалық материал өндірісі үшін де өңдеуден кейін органикалық шикізат қалдығын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Электрлік разрядтар мен гидродинамикалық соққылар гидроксиапатиттің кристалдық торын ішінара бұзуы мүмкін, бұл кейбір микроэлементтердің, мысалы, натрий, калийдің шайылуына әкеледі. Бейорганикалық құрамның жоғарылауы үлгі массасының органикалық бөлігінің толық бөлінуін көрсетеді. Ал бұл өз кезегінде зерттелетін материалды өңдеуде электрогидроимпульстік әдістің тиімділігін дәлелдейді.

### 4.3 Спектрофотометрде жүргізілген зерттеу нәтижелерін талдау

Зерттеліп отырған әдістің тиімділігін анықтау мақсатында ФСМ 1201 Фурье – спектрометрінде «Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университететі» КеАҚ «Физика – химиялық зерттеу әдістері» инженерлік бейіндегі зертханада спектрлік талдау жүргізілді. Алынған мәліметтер арқылы үлгінің молекулалық құрамы, соның ішінде органикалық молекулалар, минералдар, ақуыздар анықталды. Сондай-ақ, жаңа функционалды топтардың пайда болуын немесе ескі функционалды топтардың жойылуын бақылауға мүмкіндік берді. 4.3 – суретте ЭГӘ дейінгі органикалық шикізат қалдығының ИҚ жұтылу спектрі көрсетілген.




Сурет 4.3 – Органикалық шикізат қалдығының ИҚ жұтылу спектрі

Алып отырған үлгі органикалық зат болғандықтан, бұл жерде органикалық қосылыстар мен араматты қосылыстар басым болады.

Суретте 1400 – 1000 см$^{-1}$ аралығында бірнеше шыңдарды көруге болады. Бұл аралық гидроксилды топқа сәйкес келді.

1600 – 1500 см$^{-1}$ жұтылуы ароматты қосылыстар (C – H) спектрінде 3 – жолақта көрінуі мүмкін: 1600, 1580, 1500, 1450 см$^{-1}$. Ал бұл жолақтардың қарқындылығы кең аймақта өзгере алады. Әдетте, 1500 см$^{-1}$ жолақ 1600 см$^{-1}$ жолаққа қарағанда қарқынды болады [110]. Оны 4.4 – суреттегі шыңдардан да байқауға болады. Барлық үш жолақтың жақын орналасуы қарқындылығын арттырады және олардың орналасуына аз әсер етеді. 1450 см$^{-1}$ жолақ көп жайдада көріне бермейді.

501–702 см$^{-1}$ – органикалық матрицадағы, яғни сүйек құрамындағы фосфатты топтардың (O – P – O) деформациялық тербелістері.

802–949 см$^{-1}$ – фосфат ($PO^3$) және карбонат ($CO^{2-}$) топтарының деформациялық тербелістеріне сәйкессе, ал 1000–1300 см$^{-1}$ аймағы – фосфат және коллаген аймағына сәйкес келеді.

1003 – 1034 см$^{-1}$ – фосфат тобының симметриялық тербелістері ($PO_4^{3-}$).

1203 – 1300 см$^{-1}$ – коллагеннің C – N және C – O байланыстарының тербелісі.

1400 – 1600 см$^{-1}$ аймағы – органикалық заттар, ақуыз (Amide II) сәйкес келді, яғни 1400 – 1500 см$^{-1}$ – карбонат иондарының ($CO^{2-}$) тербелісі мен ақуыз қалдықтарының деформациялық тербелісі болып табылады.

1601 – 1613 см$^{-1}$ – Amide II жолақтары (N – H иілуі + C – N созылысы). Бұл ақуыздың коллагенге айналу аймағын көрсетеді.

1701 см$^{-1}$ – C=O (карбонил) топтарының жұтылуы.

1801 – 2002 см$^{-1}$ – көміртекті қышқылдардың ацил топтары, кейбір жағдайларда судағы анизохронды комбинациялық жолақтар.

2300 – 2600 см$^{-1}$ аймағы – $CO_2$ және органикалық қалдықтар

2600 см$^{-1}$ – карбон қышқылдарының O – H созылысы.

2900 – 3000 см$^{-1}$ аймағы – липидтер, $CH_2$, $CH_3$

2928 см$^{-1}$ – $CH_2$ созылысы

3001 см$^{-1}$ (0,32) – $CH_3$ асимметриялы тербелісі

Бұл аймақ үлгіде аз мөлшерде липидтердің (майлардың) бар екенін көрсетеді.

3200–3600 см$^{-1}$ аймағы – су, пептидтік байланыстар, яғни су молекулаларының O – H созылысы және ақуыздардың N – H созылыстары**.**

4000,85 см$^{-1}$ – жоғары жиілікті фондық тербелістер, ақпараттық емес.

Ал төмендегі 4.4 **–** суретте ЭГӘ кейінгі органикалық шикізат қалдығының спектрі көрсетілген. Қондырғының параметрлері C = 0,4 мкФ, l = 9 мм, t = 50°C кезінде өңделген үлгілер алынды. Бұл суретте ЭГӘ кейін үлгідегі шыңдардың біраз өзгеріске ұшырағанын көре аламыз.

601 – 630 см$^{-1}$ – фосфат ($PO_4^{3-}$) және карбонат ($CO_3^{2-}$) иондарына тән аймақтар.

720 – 765 см$^{-1}$ – минералды фрагменттердің және органикалық қалдықтардың тербелістері.

902 – 950 см$^{-1}$ – $PO_4^{3-}$ ионының күшті тербелістері, минералдық матрицаның жақсы сақталғанын көрсетеді.

960 – 976 см$^{-1}$ – фосфаттың негізгі симметриялық модалары, сүйектің минералдық бөлігінің негізгі көрсеткіші.

1003 – 1207 см$^{-1}$ – фосфат, C – O және C – N байланыстары; коллаген мен органикалық матрицаның бір бөлігіне тән.

1612 см$^{-1}$ **–** Амид II аймағы (C = O, C – N, N – H); интенсивтіліктің төмен болуы – коллаген құрылымының әлсіреуін көрсетеді.

1701 – 2002 см$^{-1}$ – карбонил топтары мен комбинациялық жолақтар; ЭГЭ әсерінен органикалық матрицаның қайта құрылуы мен ыдырау өнімдерінің пайда болуы.

2303 см$^{-1}$ **–** $CO_2$ адсорбциясының немесе карбонизацияның сигналы.

2600 см$^{-1}$ **–** O – H немесе карбоксил топтарының созылу тербелістері; химиялық модификация нәтижесі.

2921 – 3002 см$^{-1}$ – алифаттық CH – созылу тербелістері – липидтер мен ақуыздық тізбектердің қалдықтары.

3202 – 3468 см$^{-1}$ **-** N – H және O – H созылу тербелістері; амидтік және су/гидроксилдік топтардың болуы.

4000,85 см$^{-1}$ – шеткі аймақтағы комбинациялық жолақтар.




Сурет 4.4 – Электрогидроимпульстік технологиямен өңделген органикалық шикізат қалдығының ИҚ спектрі

Кесте 4.2 – Өңделмеген және өңделген үлгілердің ИҚ спектрлері

| Аймақ | Өңдегенге дейінгі үлгідегі өзгерістер | Өңдегеннен кейінгі үлгідегі өзгерістер |
|---|---|---|
| 500 – 1100 см$^{-1}$ минералдық аймақ | Сақталған | Артты – сүйектің минералды құрылымы сақталған және органиканың бұзылуы айқынырақ көрінеді. |
| 1600 – 1650 см$^{-1}$ амидтік аймақ | Сақталған | Төмендеген – коллагеннің және органикалық матрицаның бір бөлігінің ыдырауы |
| 2920 – 3000 см$^{-1}$ липидтік аймақ | Сақталған | Күшейген – алифаттық қалдықтар мен липидтердің бөлінуі |
| 1700 – 2000 см$^{-1}$ C = O (карбонил) топтары | Сақталған | Күшейген – карбонилдік және комбинациялық жаңа өнімдердің пайда |

| | | |
|---|---|---|
| | | болуы. ЭГЭ кезінде органикалық заттардың термокинетикалық және кавитациялық өзгеруі |
| 3200 – 3500 см$^{-1}$ су, пептидтік байланыстар аймағы | Сақталған | Артты – органикалық матрицаның деградациясынан кейінгі қалдық гидроксилдік және амидтік топтар |

Электрогидроимпульстік өңдеу нәтижесінде сүйектің ИҚ – спектрі органикалық матрицаның (коллаген, липидтер) құрылымдық өзгеріске ұшырағанын көрсетті. Амидтік жолақтардың әлсіреуі және 1700 – 2000 см$^{-1}$ аймағындағы жаңа карбонилдік сигналдардың пайда болуы – коллагеннің ішінара ыдырауын білдіреді. Сонымен қатар фосфатты минералдық аймақтың (500 – 1200 см$^{-1}$) айқындылуы сүйек минералының сақталғанын әрі органикалық матрицаның бұзылуы нәтижесінде минералдық фаза жақсы көрінетінін дәлелдейді. [105, Б. 29] еңбегінде сүйектің негізгі минералды құрамы гидроксиапатит ($Ca_{10}(PO_4)_6(OH)_2$) екені жазылған. ЭГӘ есебінен осы гидросипатиттің кристалдық құрылымының қайта құрылып, минералданғаны көрінеді. Бұл алдындағы жасалған зерттеу жұмысындағы Са санының артуын түсіндіреді.

Жоғары жиілікті аймақтағы алифаттық (2920 – 3000 см$^{-1}$) жолақтардың сақталуы липидтік құрамның өзгергенін көрсетеді. 3422 см$^{-1}$ тан 3468 см$^{-1}$ өзгеруі сутекті қосылыстардың өзгергендігін, яғни органикалық қалдықта электрогидроимпульс әсерінен экстракция үрдісінің жүргендігін көрсетеді. Ал сақталып қалған 1612 см$^{-1}$ шыңы ақуыз құрылымының ішінара сақталғандығын көрсетеді. Бірақ импульсті энергия шикізат құрылымына әсер еткен, оны шыңның формасының өзгерісінен байқай аламыз. 1905 см$^{-1}$ жаңа шыңның пайда болуы жаңа химиялық байланыстардың (карбонилды топтар) пайда болғандығын дәлелдейді. Осы химиялық байланыстар жоғарыда атап кеткен элементтің құрамының өзгерісін түсіндіреді.

Алынған спектрлардың талдауының нәтижесі, жасалған зертханалық жұмыстың дұрыстығын, яғни электрогидроимпульстік әсердің шикізат құрылымын бұзып, май мен ақуызды бөліп алуға жеткілікті екенін көрсетеді.

Органикалық шикізат майы – құрал майларын өндіруде таза түрінде де, құрамдас бөлігі ретінде де қолданылады. Олар сағат механизмдерін, телефон және телеграф жабдықтарын, бақылау-өлшеу және басқа да дәл құрылғыларды майлау үшін қолданылады.

### 4.4 Қайта өңделген қалдықтардың жылуфизикалық сипаттамалары

Қайта өңделген қалдықтардың органикалық массасының жылуфизикалық сипаттамаларын [111] анықтау үшін профессор А.М. Гюльмалиев ұсынған аддитивті әдіс қолданылды. Әзірленген әдіс аддитивті сұлбаға негізделген. Органикалық шикізатының кез келген құрылымның органикалық бөлігінің термодинамикалық функцияларының температуралық тәуелділігін есептеу үшін, көміртек атомдарының гибридті күйлеріне және онымен химиялық байланыс арқылы байланысқан сутегі атомдарының санына байланысты параметрлерді таңдау негізінде анықталады.

Бір – бірімен химиялық байланыспен байланысқан, көміртек атомдарының гибридті күйлері мен әртүрлі сутегі атомдарының түрлі параметрлері бар көмірсутектердің ерікті құрылымы ұсынылады [112].

Қайталама шикізаттың органикалық массасының термодинамикалық функциялары мен электрогидроимпульстік әдіспен өңделген шикізаттың термодинамикалық функцияларын ($C_p$, H, S, G, F) есептеу үшін электрогидроимпульстік әсерімен өңдеуден кейінгі шикізат пен алынған таза шикізаттың элементтік құрамының деректері пайдаланылды.

Сутегі (H), көміртегі (C), азот (N), оттегі (O), күкірт (S) атомдары үшін $\alpha$, $b$, $c$ коэффициенттерінің мәні 4.3 – кестеде көрсетілген. Үлгі 1 – өңделмеген органикалық шикізат қалдығы, үлгі 2 – өңделген органикалық шикізат қалдығы.

Кесте 4.3 – $\alpha, b, c$ коэффициенттер мәні

| Коэффициенттер мәні, % | Үлгі 1 | Үлгі 2 |
|---|---|---|
| H | 7,18 | 5,97 |
| C | 38,9 | 34,1 |
| N | 9,34 | 7,98 |
| O | 44,44 | 51,83 |
| S | 0,14 | 0,12 |

Алынған $\alpha, b, c$ коэффицент мәндері дайын бағдарламаға енгізіліп, сандық мәндер алынды. Нәтижелері төмендегі кестелерде көрсетілген.

Кесте 4.4 – Өңдегенге дейінгі және өңдегеннен кейінгі органикалық шикізат қылдығының жылусыйымдылығының өзгерісі.

| Температура, К | Өңдегенге дейінгі жылусыйымдылық, кал/(моль*К) | Өңдегеннен кейінгі жылусыйымдылық, кал/(моль*К) |
|---|---|---|
| 298 | 6,182 | 6,182 |
| 300 | 6,216 | 6,216 |
| 400 | 7,831 | 7,831 |
| 500 | 9,311 | 9,311 |

| | | |
|---|---|---|
| 600 | 10,655 | 10,655 |
| 700 | 11,864 | 11,864 |
| 800 | 12,937 | 12,937 |
| 900 | 13,875 | 13,875 |
| 1000 | 14,678 | 14,678 |

Органикалық қалдықты 300 К – нен 1000 К дейін қыздырып, жылусыйымдылығының өзгерісі анықталды. Температура артқан сайын жылусыймдылық артты. 4.4 – кестеде ЭГӘ дейін және әсерінен кейін де жылусыйымдылық өзгермеуі макро деңгейде органикалық шикізат қалдығының массасының бірқалыпты өзгермегендігін көрсетеді. Ал бұл өз кезегінде соңғы өнімнің құрылымдық сапасының өзгермеуіне себеп болады. Үлгіде екі жағдайда да жылу үрдістері бірқалыпты жүріп жатқанын көрсетеді. Жылусыйымдылық көрсеткіші технологиялық қондырғылардағы органикалық шикізаттың қызу және салқындау жылдамдығын анықтайды, бұл желатинді алу температурасы мен уақытын оңтайландыру үшін өте маңызды болып табылады.

Кесте 4.5 – Өңдегенге дейінгі және өңдегеннен кейінгі органикалық шикізат қылдығының энтальпиясының өзгерісі.

| Температура, К | Өңдегенге дейінгі энтальпия, ккал/моль | Өңдегеннен кейінгі энтальпия, ккал/моль |
|---|---|---|
| 298 | -10,1195 | -10,1195 |
| 300 | -397,50651 | -505,64065 |
| 400 | -19813,45857 | -25364,19826 |
| 500 | -39337,15911 | -50414,53666 |
| 600 | -58992,92323 | -75701,23417 |
| 700 | -78805,06606 | -101268,86909 |
| 800 | -98797,90269 | -127162,01973 |
| 900 | -118995,74823 | -153425,26439 |
| 1000 | -139422,91781 | -180103,18138 |

Алынған мәліметтер бойынша тәуелділік графигі тұрғызылды төмендегі 4.6 – суретте көрсетілген.




Сурет. 4.6 – Қайта өңделген органикалық шикізат қалдығының энтальпиясының температураға тәуелділігі

Температураның жоғарылауымен ЭГӘ әсерімен өңделген үлгінің энтальпиясының төмендеуі жүйе өңдеу кезінде ішкі энергиясының бір бөлігін бергендігін көрсетеді. Соққы толқындары құрылымдық өзгерістер тудырып, құрамындағы химиялық байланыстар азайды. Өңдеуден кейін сүйек материалының энтальпиясының төмендеуі органикалық матрицаның бір бөлігінің бұзылуын көрсетеді. Бұл коллагенді бөліп алуға қол жетімді етеді, ақуыздарды алу жылдамдығы мен тиімділігін арттырады, бұл желатин мен желімінің өнімділігі мен сапасын жақсартады және өндірістің энергия шығынын азайтады.

Кесте 4.6 – Өңдегенге дейінгі және өңдегеннен кейінгі органикалық шикізат қылдығының энтропиясының өзгерісі

| Темпера-тура, К | Өңдегенге дейінгі энтропия, кал/(моль*К) | Өңдегеннен кейінгі энтропия, кал/(моль*К) |
|---|---|---|
| 298 | 27,400 | 27,400 |
| 300 | 27,441 | 27,441 |
| 400 | 29,454 | 29,454 |
| 500 | 31,363 | 31,363 |
| 600 | 33,181 | 33,181 |
| 700 | 34,916 | 34,916 |
| 800 | 36,572 | 36,572 |
| 900 | 38,151 | 38,151 |
| 1000 | 39,656 | 39,656 |

Органикалық материалының энтропиясы температураға байланысты артады, бұл жылу қозғалысының өсуіне алып келеді. Алайда, электрогидроимпульсті өңдеуге дейінгі және кейінгі мәндер толығымен сәйкес келеді, бұл термодинамикалық мағынада жүйенің реттілік дәрежесінің өзгермейтіндігін көрсетеді.

Кесте 4.7 – Өңдегенге дейінгі және өңдегеннен кейінгі органикалық шикізат қылдығының Гиббс энергиясының өзгерісі.

| Температура, К | Өңдегенге дейінгі Гиббс энергиясы, ккал/моль | Өңдегеннен кейінгі Гиббс энергиясы, ккал/моль |
|---|---|---|
| 298 | 288773,03294 | 412112,99518 |
| 300 | 290633,95023 | 414779,82658 |
| 400 | 387824,582 | 553415,94862 |
| 500 | 492055,0397 | 701054,69193 |
| 600 | 601710,71544 | 855648,25431 |
| 700 | 715177,00037 | 1015148,833 |
| 800 | 830839,28508 | 1177508,623 |
